Разрабатывая задания к уроку, я не перестаю восхищаться мудростью Рене Декарта: «Под методом же я разумею точные и простые правила, строгое соблюдение которых всегда препятствует принятию ложного за истинное и, без лишней траты умственных сил, но постепенно и непрерывно увеличивая знания, способствует тому, что ум достигает истинного познания всего, что ему доступно» [1]

Я очень люблю цветные карандаши и краски на своих уроках. Палитра цветов имеет большое значение при изучении и анализе текстов художественной литературы. Цветовые символы усиливают эмоциональную нагрузку и помогают раскрыть идейный замысел. Единой системы, которая закрепляет определенное значение за каким-либо цветом, не существует. Наша задача научить детей видеть в тексте цвета, уметь рисовать, уметь писать словесную картину, переложить ее на бумагу красками и наоборот.

При изучении рассказа И.С.Тургенева «Муму» в шестом классе ребята должны были выделить все цвета в тексте и обозначить их в виде фигур. Фигурами могут быть главные герои, дома, деревья. Ассоциации цвета и характера, цвета и события, цвета и настроения учащиеся выложили на бумагу. Получились интересные картины с глубоким философским подтекстом. Слова, обозначающие духовные ценные качества человека, мы с ребятами решили выделить синим цветом.



«Я нарисовал картину! На ней Барыня, Гаврила и Капитон. Эти герои рассказа мне не нравятся, они хитрые, безжалостные и не очень умные. Разукрасил свою картинку серым цветом, хотел даже черным! Думаю, без комментариев...»



«Имение Барыни и весь ее двор с челядью я разукрасил желтым цветом. Не знаю почему, но мне очень тревожно! Все жители потихоньку покинули имение, Татьяну с Капитоном заставили съехать, Герасим вернулся без оглядки в деревню, а Барыня и вовсе умерла. Мне бы не хотелось жить среди злых людей, в постоянной тревоге. Я люблю, когда дома радостно и спокойно»



«Герасим, Татьяна, Муму - это красный цвет. Выбрал этот цвет, потому что во время чтения рассказа все время думаешь о них, переживаешь. А когда увидел, что Герасим подарил Татьяне красный бумажный платок, захотел покрасить свою картину красным цветом. Мне их жаль. Хочется им помочь»

Серый, белый, золотистый и красный цвета преобладают при описании природы, имения и некоторых деталей в рассказе «Муму»

Такое видение мира и восприятие художественного произведения пробуждают интерес к событиям, сочувствие, желание помочь своему герою.

Дети находятся в постоянном поиске, в результате чего добывают из текста важные человеческие ценности. Помнят о том, что мы читаем, чтобы стать лучше.

Еще один интересный метод «Мешок духовных ценностей». Ребята в течение урока занимаются поиском сокровенных мыслей автора, находят для себя ценность, которая помогает, по их мнению, стать лучше. Находка-клад складывается в мешок. Трогательным получается процесс сбора и обработки информации. Можно написать на специальных карточках, на простом листе бумаги. Такой метод позволяет глубже понять произведение, извлечь для себя урок.

До глубины души доходят мысли и взгляды детей. Они читают между строк!

Из рассказа И.С.Тургенева «Муму» мои шестиклассники извлекли целый клад человеческих ценностей:

- 1.Никогда не обижай и не унижай людей.
- 2.Не жертвуй собой ради благополучия других, если они этого не стоят.
- 3.Из любой ситуации есть выход.
- 4.Ты в ответе за того, кого приручил.
- 5.Все люди равны: не должно быть богатых и бедных.
- 6.Умей сочувствовать людям.
- 7.Жестокость приводит к несчастью.

На этапе рефлексия мы с ребятами любим «звонить» главным героям произведений. Здесь завязывается душевный разговор, тему для беседы выбирает сам абонент. Разрешается говорить за ширмой, можно написать письмо. Данный метод замечателен тем, что отрабатывается знание текста, умение вести диалог, возможность почувствовать себя на месте героя, чтобы понять его. А самое главное – найти духовную ценность, извлечь для себя урок.

Я была приятно удивлена, когда обучающиеся в составленном диалоге нашли на многие проблемные вопросы ответы:

- 1.-Привет, Татьяна.
- Здравствуйте...
- Зачем Вы согласились выйти замуж за Капитона?
- Мне ведь барыня велела...
- Нельзя терпеть обиды и оскорбления!
- Я так не могу, мне страшно... Я ведь простая крепостная крестьянка...
- Татьяна, мне Вас жалко. Скоро закончится крепостное право. И Вы наконец-то будете свободны!
- 2.-Здравствуйте, Барыня!
- С чем пожаловали?
- Почему Вы такая жестокая? Что Вам сделала Татьяна и Муму? А про Герасима вообще молчу.
- Я не обязана перед вами отчитываться...
- Ну да, Вы же хозяйка крепостная. Я бы не хотел быть на Вас похожим. Вы даже собачонку не пожалели и Герасима.
- Собачонка, как ты выразился, мешала мне спать и цветы мои испортила.
- Вы одинокая и злая. Прощайте, надеюсь, после отмены крепостного права, я Вас больше никогда не увижу.

Выбрала несколько замечательных писем, написанных учениками шестого класса.

1.Письмо Герасиму!

Привет, Герасим. Ты умеешь читать? Наверное, нет. Все равно пишу. Ты не думай, мы с друзьями тебя понимаем. Мне очень жалко тебя. Я вот думаю, почему ты Муму не спрятал и не забрал с собой в деревню. Но теперь я точно знаю, что ты не мог. Злое крепостное право! Как хорошо, что сейчас у нас равноправие.

Твой друг Роллан.

2.Письмо Капитону Климову!

Приветствую Вас! Капитон, скажите, Вам не стыдно? Как можно опуститься до алкоголизма? Неужели у Вас нет силы воли. Мне очень жаль Татьяну, ей не повезло. Вы же имеете образование, так идите и работайте. Но зато я теперь точно знаю, что человек должен не сдаваться перед трудностями, не опускать руки. А вредные привычки – это

пагубно. Я так никогда не буду делать!

С уважением Анетта.

Такие письма можно писать дома вместе с родителями, как домашнее задание. Совместная работа учителя-словесника и родителя поможет возбудить интерес к чтению.

3. Письмо от бабушки Темирлана, ученика шестого класса.

Дорогой Герасим, здравствуй! Я объяснила внуку, почему ты утопил Муму, теперь он на тебя не злится. А на Барыню ты не обращай внимания, живи в деревне, работай, заведи семью. Конечно, такую скромную и трудолюбивую, как Татьяна, нелегко будет тебе найти. Ну ты не переживай, все наладится. Скоро ты сам будешь хозяином своей судьбы. Самое главное, что ты решился и ушел. За свободу надо бороться. Молодец! Пока, наш общий друг.

С пониманием и уважением Темирлан и его бабушка.

Это всего лишь несколько методов, которые я использую на уроках русской литературы. Каждый из них по-своему интересен и эффективен. Если ребенок проводит ассоциации между событиями и цветами – это умение видеть глубокий смысл в тексте, выделять духовные ценности и даже применять их в жизни. Радует то, что в каждом комментарии к картинкам ребята делают выводы, пытаются помочь, сочувствуют, переживают вместе с героями рассказа. В диалогах стараются героя направить на верный путь, в письмах выражают благодарность, понимание и разочарование. Находятся в вечном поиске, то есть читают текст! Самое главное – появляется интерес к чтению. Учитель во время чтения и анализа текста всегда должен быть рядом, так как он является координатором. Наша миссия помогать формировать навыки, передавать важные знания и мотивировать учащихся к развитию.

Список литературы:

1. Рене Декарт - краткая биография и его открытия
<https://www.prostudenta.ru/article-1596.html>

«ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ОҒЫН ӘРЕКЕТІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ»

**«Жамбыл облыс әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының
білім бөлімінің оқушылар сарайы» КММ-нің қосымша білім беру
педагогі Абитаева Гульзира Лесовна**

Қазақстандағы қосымша білім беру жүйесі білім беру кеңістігінің ең динамикалық және дамушы құрамды бөлігі болып табылады. Ол стандартты жүйеге қарағанда ерекше ашық және еркін дамуды қалыптастырады. Балаларға қосымша білім беру – білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту процесі, үздіксіз білім жүйесінің ажырамас бөлігі.

21 ғасыр ақпарат заманы, технология заманы болғандықтан әрбір педагог жаңа форматты әдістерін зерттеп, әрбір сабағын түрлендіріп отыру қажет. Білім баспалдағы мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие болғандықтан, тәрбиеленуші жас ұрпаққа ойын арқылы бастауыш білімді меңгере отырып, негізгі қажетті құндылықтарды баланың бойына сіңіре отырып, жан-жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеу.

21 ғасыр дағдылары дегеніміз ынтымақтастық, цифрлық сауаттылық, сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылық және проблемаларды шешу сияқты, балаларды бүгінгі әлемде өркендеуге көмектесу үшін жан-жақты дамыту қажет. Цифрлық дәуірде жас ұрпақты күрделі, өзгермелі өмір сүруге дайындау. Осы құндылықтарды бала бойына қалыптастырып, бала бойына ықпал ететін, дұрыс тәрбие, сапалы білім беретін тұлға ол – педагог. 21 ғасыр бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман болғандықтан,

қазір білім, мәдениет, өнер сынды дүниелердің бәсекеге түсетін кезеңі. Білімді адамның жолы ашық, білімсіздің күні қараң, бұл – қазіргі заман талабы.

Оқушылар сарайында түрлі бағыт бойынша бірнеше үйірме жұмыс жасайды. Соның бірі әлеуметтік – педагогикалық бағыттағы мектеп жасында дейінгі бес жастағы балаларға арналған «Балдәурен» бүлдіршіндер мектебі. Бұл үйірмеге келген балалар әр түрлі деңгейде дарынды, икемді дағдылармен келеді.

Қосымша білім беруде мектепке дейінгі балаларға білім беру саласының басты міндеттерінің бірі – балалардың дағдылардың қалыптастыру, өскелен ұрпақты оқытумен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдіс – тәсілдерді енгізу. Заман өзгерген сайын әдіс – тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр. Балалардың тілін дамытуда, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылдық дағдыларын қалыптастыруда жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолданудың маңызы зор. Себебі, жаңа технологияны, әдіс – тәсілдерді тиімді пайдалану білім сапасын арттырып қана қоймай, сонымен қатар балалардың қызығушылығын арттыратыны сөзсіз. Инновациялық технологияларды тиімді пайдаланудағы қол жеткізетін жетістіктер мыналар:

1. Мәселенің ең негізгі түйінін табуға дағдыланады.
2. Білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасайды.
3. Ой идеясының ішкі астарына үңілуге, өзекті терең барлауға бағыт алады.
4. Белсенділігін дамытуға, жаңалықты ашуға, ізденуге.
5. Өзін – өзі басқаруға жетелейді.

Сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балалардың дағдыларын қалыптастыруда ойынның маңызы зор. Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс – әрекеті. Ойын арқылы оқыту – мектеп жасына дейінгі кезеңнің негізгі ерекшелігі. Білімді меңгеру және оқыту бекіту үшін, дағды мен әдет қалыптастыруда балаға қайталау және жаттығу қажет. Егер баланың ойлауы образды, эмоциялық әсерде болса, ол соғұрлым жақсы нәтиже береді. Балалар ойындарының тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, А.М.Горький: «Ойын арқылы бала дүниені таниды» - десе, А.С.Сухомлинский: «Ойынсыз ақыл – ойдың қалыпты дамуы жоқ және болуы мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз – үшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты» - дейді.

Біздің педагогтер бүлдіршіндердің кең ауқымды дағдылардың қалыптастыру мақсатында, бала кез – келген ортада өзін еркін ұстап, ойын еркін жеткізе алатын, баланы жан – жақты дамыту мақсатында төмендегідей әдістер мен технологияларды қолданады.

- Сыни тұрғыдан ойлау
- Шығармашылық зерттеу
- Қарым – қатынас
- Командамен жұмыс

1.Сыни тұрғыдан ойлау (критическое мышление) – ақпараттар ағынын бағдарлай алу мүмкіндігі, себеп – салдарлық байланыстарды көре алуы, қажетсіз ақпараттарды електен өткізіп қорытындылауы, сәтсіздікке жолыққан жағдайда шешім шығарып, өзінің жетістіктері мен сәтсіздіктерінің себептерін түсінуі.

Шығармашылық (креативность) өзгермелі жағдайларда өзін сенімді ұстап, дәстүрлі емес шешімдерді қабылдай алуға, жағдайатты әр тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Шығармашылығы дамыған адам жасап шығарушы болып табылады. Ол басқа адамдардың бастамаларын дамытып, жетілдіре алады. Қиындықтарды ол үшін қызықты басқатырғышқа айналады.

Қарым – қатынас (коммуникация). Қазіргі кезде әрбір адам қоңырау шалынатын хабарламалар тәулік бойы жеткізілетін қашықтықта орналасқан. Келіссөздер жүргізу және байланыс орнату, әңгімелесушіні тыңдау және өз көзқарасын жеткізу қабілеті өмірлік дағдыға айналады.

Командамен жұмыс. Ынтымақтастық, үйлестіру, бірлескен әрекетпен тығыз байланысты. Команда – ол жалпы мақсаты бір шеңбер ішіндегі топ. Өзара іс – қимыл жасаушы адамдар тобы, күш – жігер біріктірілген жалпы мақсатқа қол жеткізуші топ. Команда сенім мен ынтымақтастықтан тұрады.

Баланың сыни ойлауын дамытатын әдістер

1. «Миға шабуыл» әдісі. Бұл ұжымдық талқылауда, мәселенің шешімін іздеуде қолданылатын тиімді әдіс. Қандай да бір проблеманы әр мүшенің пікірін еркін тыңдау арқылы шешу.

2. «Жуан – жіңішке сұрақтар» әдісі. Бала алдымен қатесіз, түсініп, қойған сұрағына өзі жауап беруге дайын тұрады. Басқа балалардың сұрақтарын мұқият тыңдап, сұрақ құрастырудың қиын жұмыс екенін біледі.

3. «Sinqualn» әдісі. Балалар берілген тапсырма бойынша өлең құрастырады. Мектепке дейінгі балаларға сұрақтар қою арқылы өлең құрастырады.

Креативтілік қабілетін дамытатын әдістер:

«Әңгіме құрастыр» әдісі.

Мазмұны: балаға біреу туралы немесе бір нәрсе туралы әңгіме құрастыру тапсырмасы беріледі, ол үшін 1-2 минут керек, әңгімені айтуға 2 минут беріледі.

Сөйлеуді дамыту

«Түлкі мен тырна» ертегісі

Оқу мақсаты: шығарма мазмұнын мағынасына байланысты интонациямен мазмұндауға үйрену. Кейіпкерлерге және олардың іс-әрекеттеріне өз ойын айта білу.



«Сөйлемді аяқта» ойыны

Тапсырманың мазмұны: Сызбалардың орнына «Не?» сұрағына жауап болатын сөзді қойып, сөйлемдерді атайды. Тақырып бойынша жаңа сөздерді меңгерту кезінде қолданылады. Балалардың сөйлеу тілін дамытады.

Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы: Үй жануарлары

Оқу мақсаты: негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологтік мәтіндерді байланыстырып айту.

Ешкінің төлі.....

Түйенің төлі.....

Жылқының төлі.....

Сиырдың төлі.....

Осындай әдістерді пайдалана отырып, өмір сүруге қабілетті өзіндік өмірге даяр, өзін таныта алатын және өзі үшін де, қоғам үшін де бар мүмкіндікті пайдалана алатын, шығармашыл, күзінетті тұлғаны дамытамыз.

Қорытындылай келе, ХХІ ғасыр дағдысын меңгерген баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыру – бүгінгі педагогтердің басты мақсаты. Тәрбиеленушілердің ауызша, жазбаша мәтіндерді сын тұрғысынан қолдана білуі, мазмұнды мәтін құрай алуы тәрізді іс – әрекетінен пән мазмұнын қаншалықты игергенін байқауға болады.

Бәсекеге қабілетті, шығармашылық тұрғыда өз ойын еркін жеткізе алатын, тұлғаға бағдарланған құндылықтарды бойына сіңірген, кәсіби тұрғыда құдыреттілігін мектеп жасынан ала білген функционалды, сауатты жеке тұлға – қоғам дамуының қозғаушы күші болып қала бермек.

«ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАҒЫНДАҒЫ КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ МАЗМҰНЫ»

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының
білім бөлімінің оқушылар сарайы» КММ директоры
Алекеева Арайлым Джумағалиевна (педагог-зерттеуші)

Аннотация

Мақалада қосымша білім беру жүйесіндегі кәсіптік бағдар беру жұмысының ерекшеліктері сипатталған. Сонымен қатар қосымша білім беру тұжырымдамасы, кәсіптік бағдар беру жұмысы, оның мүмкіндіктері мен даму перспективалары, кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі бағыттары көрсетілген. Қосымша білім беруде қолдануға болатын кәсіптік бағдар беру жұмыстарының мысалдары келтірілген.

Түйінді сөздер: кәсіптік бағдар беру, кәсіптік бағдар беру жұмысы, қосымша білім беру, өзін-өзі анықтау, шығармашылық процесс, оқу орындары, кейс әдісі, кәсіптік бағдарлаудың әмбебаптығы, әлеуметтік маңызы.

Балаларға қосымша білім беру – бұл көп қырлы тұлғаны тәрбиелеудегі, оның біліміндегі, ерте кәсіби бағдардағы қажетті буын. Балалардың қосымша білімі әртүрлі, көп бағытты, өзгермелі. Балаларға қосымша білім берудің құндылығы - бұл жалпы білім берудің вариативті компонентін күшейтеді және балаларға кәсіби өзін – өзі анықтауға көмектеседі, олардың күштерін, негізгі компонентте-мектепте алған білімдерін жүзеге асыруға ықпал етеді.

Балалардың қосымша білімі жас жігітке балалық шақтың толыққанды өмір сүруіне жағдай жасайды. Өйткені, егер бала өзін-өзі жүзеге асырып, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешіп, тіпті кәсіби қызмет саласына кірсе, онда оның ересек жасында үлкен нәтижелерге қол жеткізуге, қатесіз таңдау жасауға көп мүмкіндігі болады.

Балаларға қосымша білім берудің негізгі мазмұны тәжірибеге бағытталған: мұнда бала іздеу жағдайында өзі әрекет етеді, еңбек объектілерімен, табиғатпен, мәдени ескерткіштермен және т.б. өзара әрекеттесуден білім алады; балаға қоршаған әлемнен өзі білім алу қажет болатын жағдайлар жасалады.

Қосымша білім беру мекемелері жағдайында білім алушылардың кәсіптік бағдарлануы мынадай бағыттарды қамтиды:

- * ақпараттық-ағартушылық,
- * диагностикалық,
- * кеңес беру,
- * оқыту.

Ақпараттық-ағарту бағыты. Бұл бағыттың мақсаты-білім алушыларда мамандықтардың негізгі түрлерінің барынша айқын және нақты бейнесін жасау. Бұл болашақта ең саналы және мағыналы таңдау жасауға көмектеседі.

Диагностикалық бағыт. Бұл бағыт екі жоспарда жүзеге асырылады: өзін-өзі тану, баланың белгілі бір мамандық аясында өзінің қасиеттерін зерттеу; өз мүмкіндіктерін бағалау, кәсіби таңдауды анықтайтын белгілі бір кәсіби маңызды қасиеттер мен басқа ресурстардың ауырлық дәрежесін анықтау. Қосымша білім беру мекемелері осы бағытты дамытуда кейбір кәсіби маңызды қасиеттердің даму деңгейін анықтауға көмектесетін әртүрлі тесттер мен сауалнамалар жинағын қолдануға болады. Қосымша білім беру педагогтері тестілеуді сауатты жүргізіп, құзыретті ұсыныс бере алады. Бірақ бала өзін-өзі тану мақсатында қандай да бір сауалнаманы өзі толтыруына болады.

Консультациялық бағыт - баланың мотивтерін, оның мүдделерін, бейімділігін, жеке мәселелерін немесе дүниетаным ерекшеліктерін ескеруге негізделген. Кәсіби таңдау бойынша кеңес беретін қосымша білім беру мекемелері жағдайды экзистенциалды таңдау нүктесі ретінде, адамның өмірін белгілі бір бағытқа бағыттайтын оқиға ретінде қабылдайды. Сондықтан ол білім алушының жеке басын оның тұтастығына қарай ескеруге арналған. Мектеп тәжірибесінде кәсіптік бағдарлау бойынша кеңес беру, әрине, білім

алушының немесе оның ата-анасының сұранысының болуын білдіреді және педагог-психологтың немесе кәсіптік бағдарлау орталығының қызметкерінің күшімен жүзеге асырылады. Ал, қосымша білім беру консультациялық бағыт шеңберінде тек білім алушыға қызығушылық танытатын мамандық бойынша материалдарды ұсына алады: профессиограмма, мамандық бойынша дайындалатын оқу орындары туралы мәліметтер және еңбек нарығында мамандықтың қажеттілігі туралы айтылатын мерзімді басылымдар және т.с.с.

Оқыту (немесе қалыптастыру). Осы бағытқа сәйкес білім алушы белгілі бір құзыреттіліктердің тасымалдаушысы ретінде қабылданады, олардың ішінде келесі дағдылар да бар: кәсіптер әлемін талдау; кәсіби таңдау жағдайындағы өз мүмкіндіктері мен шектеулерін талдау; жұмыс іздеу және кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру жолдарын іздеу стратегияларын меңгеру. Яғни, арнайы ұйымдастырылған сабақтарда қосымша білім беру педагогтері білім алушыларды жалпы әлеуметтік құзыреттілік ретінде кәсіби таңдау саласындағы құзыреттілікке үйретеді. Осы бағыт аясында қосымша білім беру педагогі кәсіби өзін-өзі анықтау саласында баланың жеке басын белсендіруге бағытталған бірлестікте жеке тұлғаға бағытталған арнайы жұмыстар жүргізе алады.

Білім алушылардың кәсіптік бағдарлау саласындағы қосымша білім беру мекемелерінің қызметіндегі негізгі бағыттар:

- * кәсіптер нарығының мазмұны мен перспективаларымен танысу;
- * оларды игерудің нысандары мен шарттары, адамға қойылатын кәсіптердің талаптары, кәсіби-білікті өсу мүмкіндіктері;
- * кәсіби материалдарды тарату;
- * балаларды еңбек нарығының жай-күйі, экономиканың білікті кадрларға қажеттілігі туралы хабардар ету;
- * білім алушыларды өндірістің заманауи түрлерімен таныстыру.

Кәсіптік бағдарлау міндеттерін шешуде қосымша білім беру педагогі қолданатын нысандар мен әдістер мектептегі кәсіптік ағарту, атап айтқанда кәсіптік насихаттау және кейіннен насихаттау жөніндегі жұмысын алдын ала кәсіптік диагностикаға сәйкес жоспарлауы қажет. Тек осы тәсіл негізінде мамандық таңдауға саналы қатынасты қалыптастыруға бағытталған тәрбиеленушілермен тиісті жұмыс жүргізуге болады.

Кәсіптік білім беру бойынша педагогтің жұмысы оң нәтиже беруі үшін оны шебер және үлкен педагогикалық әдептілікпен жүргізу қажет. Ел мен қоғамға жетіспейтін мамандықтарға назар аудара отырып, педагог әр түрлі қысымнан аулақ болу тиіс, себебі балаларға білмейтін қысым тек осы мамандыққа деген қызығушылықтың жоғалуына әкелуі мүмкін.

Кәсіптік білім беру жұмысының мазмұны - жасына, жынысына қарай білім алушылардың құрамы ескерілуі тиіс. Кәсіптер әлемімен танысу жастардың кәсіби қызығушылықтарымен, бейімділіктерімен және қабілеттерімен, жастардың осы ерекшеліктерінің даму динамикасымен тығыз байланысты болуы қажет.

Кәсіби білім беру бойынша педагог балалармен әңгімелесу барысында балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып оларды қызықтыратын сұрақтар шеңберін қамтуы тиіс.

Кәсіптік бағдарлаудың алғашқы кезеңі 10-13 жастағы балалармен жұмысты қамтиды. Бұл кезеңнің міндеттері: жас білім алушылардың бастапқы кәсіби ниеттерін, бейімділіктері мен мүдделерін анықтау; спортшылардың кәсіби өмір жолын таңдауда адамгершілік, идеялық және еңбек сипатының негіздерін тәрбиелеу. Осы міндеттерді шешу үшін жоғары әдістемелік деңгейде кәсіптік бағдарлау сабақтарын өткізу; түрлі институттар мен кәсіпорындарға экскурсиялар жүргізу; оқылған кітаптарды, қаралған кинофильмдерді, мамандық таңдау туралы телешоуларды талқылау ұсынылады; мамандық таңдаудың маңыздылығы туралы әңгімелер және т. б.

Кәсіптік бағдарлаудың келесі кезеңі 13-14 жастағы білім алушыларға өз кәсібін іздеуде көмек көрсету; білім алушыларға болашақ мамандықпен терең танысуға жәрдемдесу; өзін-өзі дұрыс бағалауды қалыптастыру. Бұған жеке әңгімелер, пікірталастар, түлектермен кездесулер өткізу арқылы қол жеткізіледі;

Қорытынды

Қосымша білім берудің негізгі мақсаты өскелең ұрпақтың әлеуметтенуін қамтамасыз

ету, жеке даралық құзыреттілігін, болашақ өндірістің кәсіби рөлін иеленуге қажетті функционалдық сауаттылықты, әлемдік деңгейдегі Қазақстанның адамдық капиталының бәсекеге қабілеттілігін дамыту, кәсіби бағдар беру болып табылады.

Бүгінде адам баласының білімділігі тек арнайы пәндік білімі арқылы ғана анықталып қоймай, оның тұлға ретінде қаншалықты жан-жақты дамуы, қоғам өміріне әлеуметтік бейімделу қабілеттілігі және өз бетінше өмірлік таңдау жасауына тікелей байланысты болса керек.

Қосымша білім беру әлеуметтік сұранысқа ие және ол баланың тұлғалық дамуы мен білім алуын тәрбиемен тығыз байланыста. Біз еліміздің болашағын сенімді жастардың қолына тапсыруымыз қажет, сондықтан да тәрбие біліммен қатар жүруі тиіс.

Тұлғаның бейімділігін, қажеттілігін қанағаттандыруды, қызығушылығын, қабілетінің дамуын ескере отырып кәсіби бағдар беріп, жан-жақты дамыған, алған білімін өмір бойы пайдалана алатын тұлға тәрбиелу - білім беру мамандарына жүктелген үлкен міндет деп түсінгеніміз жөн.

Қорыта айтқанда, білім алушыларға кәсіби бағдар беруді жүзеге асырудың басты міндеті – білім алушылардың теориялық білімдерін практикалық тұрғыда қолдануымен қатар тәуелсіз еліміздің келешегіне үлкен жауапкершілікпен қарауға үлестерін қосу болып табылады.

Осы ретте айтарым, қосымша білім беру жағдайында білім алушыларға кәсіби бағдар берудің маңызы зор.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Е.О. Омар. Қазақстандағы мектептен тыс мекемелер: Қалыптасуы және дамуы.- Алматы: Рауан, 2003, 297 б.
2. Е.О. Омар. Қосымша білім беру ұйымдары тәрбие жұмыстарының негізі. – Түркістан; 2004, 248 б.
3. Үздіксіз тәрбиенің тұжырымдамасы. – Алматы РБК. 1998.-32 б.
4. Дополнительное образование детей. – М.: Изд. Центр ВЛАДОС, 2006. 320 с.
5. От внешней работы к дополнительному образованию детей, – М.: Просвещение, 2003. 112 с.

ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ В МУЗЫКЕ: РЕВОЛЮЦИЯ ФОРТЕПИАННЫХ ЗАНЯТИЙ

Буденная Елена Александровна
КГУ «Дворец школьников отдела образования города Тараз
Управления образования акимата Жамбылской области»

В данной статье будут рассмотрены различные аспекты интеграции искусственного интеллекта в процесс обучения игре на фортепиано. В ходе статьи раскроется вопрос о том, как умные приложения и программы могут анализировать и корректировать исполнение, предоставлять интерактивные упражнения и даже помогать в изучении музыкальной теории. Также будут затронуты вопросы этики и роль живого преподавателя в эпоху цифровых технологий.

Бұл мақалада фортепианода ойнауды үйрену процесіне жасанды интеллектті біріктірудің әртүрлі аспектілері қарастырылады. Мақалада ақылды қосымшалар мен бағдарламалар өнімділікті қалай талдап, реттей алады, интерактивті жаттығулар жасай алады, тіпті музыка теориясын үйренуге көмектеседі деген сұрақ ашылады. Сондай-ақ этика мәселелері және цифрлық дәуірдегі тірі оқытушының рөлі қозғалады.

Ключевые слова: искусственный интеллект, фортепиано, игра, интеграция, обучение

Түйін сөздер: жасанды интеллект, фортепиано, ойын, интеграция, оқыту

Современный мир стремительно меняется благодаря достижениям в области технологий, и искусственный интеллект (ИИ) занимает центральное место в этом процессе. Использование ИИ в различных сферах уже стало неотъемлемой частью нашей повседневной жизни, от медицинской диагностики до рекомендаций по выбору фильмов. Музыкальное образование, в частности обучение игре на фортепиано, также не осталось в стороне от этих инноваций. Применение ИИ в обучении музыке открывает новые горизонты и предоставляет уникальные возможности для воспитанников всех уровней. Это касается как начинающих пианистов, так и опытных музыкантов, стремящихся к совершенствованию своих навыков. Но что именно может предложить ИИ в контексте занятий по фортепиано? Как эти технологии могут сделать обучение более эффективным, персонализированным и увлекательным? В нашем современном мире компьютерные игрушки захватывают и не отпускают. Используя на своих занятиях ИИ - программы совместно с традиционными средствами обучения одновременно в несколько раз можно увеличить эффективность занятий и сделать их веселыми и привлекательными.

Целью данного исследования является изучение возможностей и эффективности применения ИИ в образовательном процессе на занятиях по фортепиано. Исследование направлено на выявление преимуществ, потенциальных проблем и перспектив интеграции ИИ-технологий в музыкальное образование для повышения качества обучения и индивидуализации учебного процесса.

Главными задачами являются:

1. Провести обзор текущих ИИ-инструментов и программного обеспечения, используемых в обучении игре на фортепиано.

Оценить функциональные возможности этих технологий и их применимость в образовательной практике.

2. Исследовать, как использование ИИ может повлиять на мотивацию и успеваемость учащихся.

3. Оценить степень улучшения навыков игры на фортепиано при использовании ИИ-технологий по сравнению с традиционными методами обучения.

Чтобы понять, как ИИ может быть интегрирован в занятия по фортепиано, какие преимущества и недостатки он может предложить, а также как он влияет на процесс обучения и достижения воспитанников было решено разработать и распространить анкеты среди воспитанников и родителей. Выбрать ИИ-приложения, которые будут использоваться в исследовании. Сформировать две группы, где одна группа обучается с использованием ИИ-приложений, а другая — традиционными методами, получить согласие участников.

Проведение занятий с и без использования ИИ, сбор данных о прогрессе воспитанников. Сравнение результатов обеих групп позволяет оценить эффективность ИИ в обучении разного уровня подготовки.

В исследовании участвовали 14 воспитанников разных уровней подготовки (начинающие, средний уровень, продвинутые).

Были выбраны ИИ-приложения: Flowkey, Simply Piano, Piano Marvel и Yousician [1]. Все участники дали информированное согласие на участие в исследовании и на использование их данных в анонимной форме.

Участники были разделены на две группы по 7 воспитанников - контрольную и экспериментальную. Контрольная группа обучалась традиционными методами, экспериментальная использовала ИИ - приложения.

В течение 3 месяцев обе группы занимались по заранее составленным программам. Экспериментальная группа использовала ИИ - приложения как основной инструмент обучения, контрольная группа занималась под руководством педагога без использования ИИ.

Воспитанники отметили, что использование ИИ - приложений делало занятия более увлекательными и мотивирующими. Многие отметили улучшение в чтении нот и ритмике благодаря интерактивным упражнениям. Экспериментальная группа показала значительное улучшение в технических навыках и чтении нот по сравнению с контрольной группой. Средний прирост баллов по тестам составил 5% в экспериментальной группе

против 15% в контрольной. 50% учеников из экспериментальной группы выразили высокую удовлетворенность использованием ИИ - приложений, в то время как в контрольной группе этот показатель составил 80%.

Практическое применение ИИ на занятиях по фортепиано показывает высокую эффективность в улучшении технических навыков, чтения нот.

ИИ-приложения, такие как Flowkey и Simply Piano, предлагают персонализированные уроки, адаптированные к уровню и потребностям каждого воспитанника. Эти уроки включают:

- Анализ исполнения. Приложения записывают игру воспитанника и анализируют её, предоставляя мгновенную обратную связь по технике, ритму и интонации.

- Адаптивные упражнения. Упражнения автоматически подстраиваются под уровень воспитанника, усложняясь по мере его прогресса. Программы, такие как Piano Marvel и Yousician, включают элементы геймификации, которые делают обучение более увлекательным:

- Игры и задания. Воспитанники выполняют задания и получают баллы, уровни и награды, что поддерживает их мотивацию.

- Визуализация прогресса. Программы отображают прогресс воспитанника в виде графиков и статистики, что помогает отслеживать достижения и ставить новые цели. Программа, Music Theory Pro, помогает изучать музыкальную теорию через интерактивные уроки и викторины:

- Теоретические уроки. Дети изучают ноты, аккорды, ладовые системы и другие элементы теории музыки через интерактивные задания.

- Практические упражнения. Приложения предлагают упражнения на развитие слуха, ритма и гармонии.

- Технические навыки. Воспитанники из экспериментальной группы показали значительное улучшение в выполнении технических упражнений.

- Чтение нот. Экспериментальная группа также продемонстрировала более высокие результаты в чтении нот с листа [2].

Использование ИИ на занятиях по фортепиано может значительно улучшить образовательный процесс, делая его более индивидуализированным, интерактивным и эффективным для детей. С помощью правильно подобранных программ можно успешно внедрить ИИ в свои занятия и помочь своим воспитанникам достичь новых высот в музыкальном развитии.

В заключение, исследование о применении искусственного интеллекта на занятиях по фортепиано демонстрирует хороший потенциал для расширения и обогащения образовательного процесса. ИИ может выступать в роли помощника педагога, предлагая индивидуализированные рекомендации, анализируя ошибки воспитанников и предоставляя мгновенную обратную связь. Это способствует более эффективному освоению материала и позволяет воспитанникам развивать свои навыки в комфортном для них темпе. Однако, несмотря на все преимущества, важно помнить, что ИИ не может полностью заменить живого педагога. Эмоциональная связь, интуитивное понимание потребностей каждого ребенка и творческое вдохновение, которые приносит педагог, остаются незаменимыми компонентами музыкального обучения [3]. Оптимальным подходом является гармоничное сочетание традиционных методов обучения и инновационных технологий, что позволит достичь наилучших результатов.

Перечень использованных источников:

1. Analysis of Piano Performance Characteristics by Deep Learning and Artificial Intelligence and Its Application in Piano Teaching [Электронный источник]. Режим доступа - <https://www.frontiersin.org/journals/psychology/articles/10.3389/fpsyg.2021.751406/full> (Дата обращения 19.06.2024)

2. Revolutionizing Piano Learning with AI and Yamaha Digital Pianos [Электронный источник]. Режим доступа - <https://millerps.com/revolutionizing-piano-learning-with-ai-and-yamaha-digital-pianos/> (Дата обращения 21.06.2024)

3. FortePiano. «Piano adventures player» FortePiano, вып. январь 2016, стр. 11.

«БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ САБАҚТАН ТЫС УАҚЫТЫН ҚАМТУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА БАЛАЛАРҒА ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ, МЕКТЕПТЕРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІ»

Ерденбекова К.С.
Қосымша білім беру педагогі - педагог - зерттеуші

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

1. Қосымша білім берудің орта мектептегі білім беруден ерекшелігі.

2. Қосымша білім беру ұйымдары қызметінің басты ерекшелігі.

3. Отбасы, мектеп, қоршаған орта мен қосымша білім беру ұйымдарының өзара байланысы.

4. Қосымша білім беру педагогінің тәрбиеленушінің шығармашылығы мен бойындағы дарынды қабілетін анықтауы.

III. Қорытынды

Кіріспе

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында қосымша білім беру – білім алушыларды жан-жақты жетілдіру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту үдерісі ретінде көрсетіледі. Жас жеткіншектердің интеллектуалды дамып, кәсіби бағдарлануына мектептен тыс білім беру жүйесі мен тәрбиенің тигізер үлесі ерекше.

Мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Кемелұлы өз Жолдауында балалардың қолөнер мен шығармашылықтың бастапқы негіздерімен танысуы үшін «Балалар үйірмесі» қызметін қайта жандандыру туралы тапсырма беріп, қосымша білімсіз балалардың әлеуетін толық ашу мүмкін емес.

Қазіргі уақыт балалар үшін соншалықты қауіпті, сондықтан олардың энергиясы мен қызығушылығы дұрыс бағытқа бағытталуы керек. Сондықтан әр баланың сабақтан тыс үйірмелер мен секцияларға қатысу мүмкіндігі болуы маңызды. Елімізде мемлекеттік қосымша білім беру мекемелері біз қалағандай көп емес. Балаларды қосымша біліммен қамту үшін тиісті жұмысты атқару» - керек екенін атап өткен болатын.

Жақын арада балалардың мемлекеттік тапсырыс арқылы жекеменшік ұйымдарда да қосымша білім алуына жағдай жасалады. Мұндай норма «Білім туралы» ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасында қамтылған.

Қосымша білім беру педагогінің басты мақсаты:

Қосымша білім беру ұйымының басты мақсаты – өскелең ұрпаққа тәрбие беру мен қосымша білім беру салаларын ҚР «Білім туралы» Заңының негізінде ұйымдастыру;

Балаларға қосымша білім беру арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру, жеке тұлғаны өздігінен дамыту, шығармашыл, дарынды балаларды анықтау, оларға қолдау көрсету және қабілеттерін дамыту, балалардың дарындылығын дамытуға, олардың құқықтарын қорғауға назар аударуды күшейту.

Міндеттері:

- Балаларға қосымша білім беруді ұйымдастыру түрлері, әдістемелері мен технологиялары мазмұнын жетілдіру;

- Инновациялық қызметтер, ақпараттық технологияларды дамытуға бағытталған жаңа сатыдағы бағдарламаларды жасақтау;

- Балалар мен ата - аналардың сұраныстарына қарай білім беру саласында қызмет көрсету аясын кеңейту;

- Балалардың жеке дамуы, денсаулығын нығайтуы, кәсіби таңдау жасауы мен шығармашылық еңбегіне қажетті жағдай туғызуды жоспарлау.

Өзектілігі:

Елімізде білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістер қосымша білім берудің, оның негізгі субъектісі мектептен тыс ұйымдар қызметінің және ата - анамен бірлескен

жұмысын арттыру.

Қазіргі заманның ағымында қосымша білім беру бағытындағы жұмыстарға барынша мән беріп, болашақ ұрпақтың тәрбиесімен бос уақытын тиімді ұйымдастыратын тәрбие ошақтарын көбірек дамыту.

Балалар мен жасөспірімдерді шығармашылық белсенділікке, түрлі бағытта өз бетінше білімін жетілдіруге ынталандыру.

Күтілетін нәтиже:

Қосымша білім беру ұйымдары жалпы білім беретін мектептермен, басқада білім беру орындарымен, қоршаған орта, ата - анамен тығыз байланыста бірлесе біріңғай үздіксіз білім беру жүйесін құра отырып:

- Білім алушылардың бос уақытын мақсатқа сәйкес ұйымдастырады.
- Шығармашыл тұлғаны қалыптастырады және жасөспірімдердің ішінен дарынды шығармашыл балаларды анықтайды.

- Әлеуметтік мәдени және кәсіби өзін - өзі анықтауға жағдай жасайды.

- Білім мазмұнын белсенді және іскерлікпен меңгертеді.

Қосымша білім берудің орта мектептегі білім беруден ерекшелігі.

Балаларға қосымша білім берудің орта мектептегі білім беруден ерекшелігі, баланың қалаған ісіне терең, әрі тез меңгеруіне көбірек көңіл бөлетіндігінде. Бұл орайда баланың қызығуы оның кейбір қабілеттерін анық көрсетеді. Балаға қосымша білім беруді оның негізгі білімінің, әрі кәсіби бағыт алуының «келешекке қадамы» деп қарастыру қажет.

Отбасы, мектеп, қоршаған орта мен қосымша білім беру ұйымдарының өзара байланысы

Бала тәрбиесі - өте күрделі процесс. Оның күрделілігі бесіктен бастау алып, үнемі уақытпен, бала көңіл - күйімен, жеке қабілетімен, икемділігімен, тізгінді үнемі қадағалау қажеттігімен ұғындырылады.

Ойлап қарасақ, тәрбие баланың бал дәуренінен бастап азамат болғанға дейін тәні мен жанына төрт – бес арнамен құйылады:

- Отбасы
- Мектеп
- Қосымша білім беру ұйымы
- Қоршаған орта
- Жұмыс орны

«Тәртіптің ең тамаша мектебі – отбасы», «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» дейді халқымыз. Ұрпақтың тәрбиесі - қоғамның болашағы және оған аса зор жауапкершілікпен қарау – әрбір саналы азаматтың борышы. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе», -деп М.Әуезов көрегендік пен дәл айтқан. Бала тәрбиесінің дұрыс жолға түсуі оны қоршаған ортаға, әсіресе отбасы мен педагогтер қауымының парасаттылығына байланысты.

Ол үшін шығармашылыққа бет бұрған оқушының отбасымен қосымша білім беру педагогінің тығыз байланысы, ынтымақтастығы бірінші орында тұрады.

Өйткені шығармашыл тұлғаның қалыптасуына педагогпен қатар отбасының рөлі жоғары. Егер отбасы баланы толық қолдамаса, онда баланың шығармашылық болашағы тоқтап қалуы әбден мүмкін. Баланың шығармашылық жетекшісі балаға жақсы білім бергенімен, отбасындағы қолдауға үнемі зәру.

Сондықтан шығармашылық орталықтар, яғни қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогтер шығармашыл дарынды тәрбиеленушіні анықтап, жақсы нәтижеге жетуі үшін, оның отбасымен тығыз байланыста болуы қажет. Байланыстың дұрыс жолға қойылуы педагог пен ата-ананың ынтымағында деп есептеймін. Егер ата-ана педагог бен оқушының кейбір қарапайым талаптарын орындай алуымен өз қолдауын көрсетсе, Мысалы: тәрбиеленушілер әр түрлі байқауларға қатысқанда, ата-аналары қолдаса, мүмкіншіліктеріне қарай баламен бірге болса, мұның өзі оның педагог пен оқушының шығармашылығының дамуына әсер етері сөзсіз.

Білім алушыларға адамгершілік тұрғысынан білім беру ісіне қойылатын бүгінгі талаптардың мән-мағынасы айрықша зор болса, қосымша білім беру ұйымдары балалардың жеке шығармашыл тұлға болып қалыптасуына, кәсіптік бағдарының айқындалуына, шығармашылық еңбегінің шыңдалуына, қабілет-тілектерін іске асыруына, қоғамдық өмірге бейімделуіне, азаматтық сана сезімін және салауатты өмір салтының

қалыптасуына, жалпы мәдениеттің өркендеуіне, бос уақытын тиімді пайдалану жолдарын дербес әрі қолайлы қолдануына ыңғайлы жағдай туғызады.

Қосымша білім беру педагогінің тәрбиеленушінің шығармашылығы мен бойындағы дарынды қабілетін анықтауы

Шығармашылық дегеніміз, оқушылардың даралық бейімділіктері мен қабілеттерінің көрінуі. Ал бейімділік – бұл баланың белгілі бір іс-әрекетпен айналысуға бет бұрысы, оған көңіл аууы, оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі.

Сондықтан, бала кезде көзге түсетін бейімділіктердің келешекте олардың дарынды қабілет көрсеткіштері екенін ұмытпағанымыз жөн.

Кез - келген тәрбиеленуші педагогтің басшылығымен орындаған шығармашылық жұмысының нәтижесінде өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Баланың қабілеті мен талантын дамытуды неғұрлым ертерек бастаса, соғұрлым оның қабілеті толық ашылуы мүмкін.

Егер бала бойындағы дарынды қабілетті педагог байқамаса, ол бала басқа тәрбиеленушілермен бірдей болып қалады. Сондықтан қабілеттің дамуына түрткі бола білу керек. Ең маңыздысы – дарынды, қабілетті тәрбиеленушіні зеріктіріп алмау.

Жас ұрпақтың дара ерекшелігін ескере отырып ойлау, шешім қабылдау, қорытынды ой-пікірін білдіруін, белсенділігін, танымдық қабілетін дамытуын, өзінің шығармашылық әрекетін жүзеге асыруын қалыптастыруына мүмкіндік туғызған дұрыс. Тәрбиеленушінің қабілетін ашып, дамытуға жан-жақты жағдай жасағанда ғана мақсатқа қол жеткізуге болады.

Ұлы данамыз Әл – Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» десе, ал В. Белинский «Бала тәрбиесіне ерекше мән берілуі керек, тәрбиенің арқасында болашақ адамзат тағдырының негізгі мәселесі шешіледі» - деп білгірлікпен атап айтқан.

Ал, кез - келген баладан әрекеттің бір түрімен айналысатын бейімділік, дарынды қабілеті байқалады және қалыптасады. Бейімділік - баланың белгілі бір әрекетпен айналысуға бет бұрысы, көңілі аууы, оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі. Бейімділік, яғни дарындылық бала бойындағы қандайда бір нышанның барлығын хабарлайтын белгі деуге болады. Осындай сәтте бала бойындағы бейімділігін байқап, оны шыңдап қабілетін ашса қосымша білім беру педагогі үшін үлкен мәртебе.

Дарынды балалардың ерекшеліктері.

Сөздік қоры мол, есте сақтау қабілеті жоғары, қиыншылықтарға мойымайды, әділетті әзілқой, танымдық қасиеті жоғары.

Сонымен қатар, өз қатарынан әлдеқайда дамыған, ерекше зейіні бар, белгілі бір іс - әрекет бойынша асқан қабілеттілік танытып, жоғары жетістіктермен дараланатын бала.

Дарындылықтың түрлері.

- Интеллектуалды дарындылық
- Академиялық дарындылық
- Көркемдік дарындылық
- Шығармашылық дарындылық
- Лидерлік немесе әлеуметтік дарындылық
- Айқын дарындылық.
- Жасырын түрде кездесетін дарындылық.

Дарынды оқушының жетістіктерінің айқындылығы соншалық «Бұл бала дарынды» деген қағидаға еш күмән келтірмейді. Жасырын түрде кездесетін дарындылық - баланың іс - әрекетінің нәтижесі көбінде жасырын түрде байқалады.

Дж. Рензуллидің дарындылық моделі

1-Интеллектуалдық компонент (зейін, ес және ойлау үрдістерінің деңгейі)

2 - Креативтік немесе шығармашылық (қиялдың шығармашылық даму деңгейі, ерекшелігі және нәтижелілігі)

3-Мотивациялық компонент (танымдық және зерттеу белсенділігі)

Бізге туғаннан берілген дарын өңделмеген алмазға ұқсайды. «Сібір кенінен» алынған мөлдір, қатты тас тәріздес (бірақ алмаз қаншалықты тамаша болса да, маржан тас екеуінің айырмашылығы жер мен көктің айырмашылығындай.) Маржан тас деп - ерен еңбекті

қажет ететін тегістелмеген алмазды айтамыз» (А. Владимиров)

Яғни, дарындылық дегеніміз не?

Дарындылық – адам психикасының өмір бойы жүйелі түрде дамып, басқалармен салыстырғанда адамның бір немесе бірнеше іс –әрекет төңірегінде әдеттен тыс, сирек кездесетін жоғары нәтижелерге жету мүмкіндігі.

Дарынды бала дегеніміз:

Өз қатарынан әлде қайда дамыған, ерекше зейіні бар, белгілі бір іс –әрекет бойынша асқан қабілеттілік танытып, жоғары жетістіктерімен дараланатын бала.

арындылықтың бірден – бір белгісі:

Дарынды баланың күнделікті өмірінде болып жатқан түрлі іс әрекеттің ерекшелігін педагогикалық бақылау әдісін қолдану арқылы анықталады.

Дарындылық тағылымы – даналықтың, ғұламалықтың, адамгершіліктің белгісі болып табылады.

Дарынды баланы айқындау мен дамытудың тиімді жолдары.

- Бақылау әдісі
- Арнайы бағдарламалар
- Педагогтің және ата - ананың эсперттік бағалануы
- Психо - диагностикалық тренингтер
- Олимпиада, конференция, фестивальдер, түрлі байқаулар

Дарындылық туралы екі түрлі көзқарас қалыптасқан:

1. Балалардың барлығы дарынды болады.
2. Дарынды балалар сирек кездеседі.

Дарынды баланың мінез - құлқындағы ерекшеліктер:

• Іс - әрекетінің өзіндік стратегиялық ерекшеліктері бар тәрбиеленуші. Кез - келген іс - әрекетті өз бетінше орындауы, қиын істен жеңілді, жеңілден – қиынды көру ерекшелігімен дараланады.

Дарынды баланы анықтау сауалнамасы

1. Тәртіпті
2. Үлгерімі әртүрлі
3. Жинақы
4. Тәртібі «түсініксіз»
5. Ұқышты
6. Ситуацияға байланысты көпшілікте немесебасшымен келіспей қалады.
7. Үнемі жақсы оқиды.
8. Сабақ үстінде қолайсыз сұрақтар қояды.
9. Сабақтан себепсіз қалмайды.
10. Жаңа бастаманы қолдайды.
11. Ортамен тез тіл табыса алмайды.
12. Өзіне ұнайтын істі құлшынып орындайды.
13. Қабылдауы өте тез.
14. Әзілқой, ашуланшақ
15. Өз ойын анық жеткізеді.
16. Өте әділетті.

Қосымша білім беру ұйымдарында балалардың дарындылығы мен даму деңгейін анықтайтын айрықша білім беру технологиясы жинақталған. Дарынды балалардың өз ерекшеліктерін ескеретін жаңа бағдарламалар қалыптасқан: — жеделдетіп дамыту бағдарламасы — баланың дүние тануға ұмтылысы мектептің білім беру деңгейінен артып кеткен жағдайда жеке пәндерге, құбылысқа деген қызығуын, іс-әрекеттің мазмұны мен әдістерін тез игеруін қамтамасыз етеді; -тәжірибе мен білімнің әр саласының мазмұнымен толықтырылған интегративтік (байытылған) бағдарлама.

Бағдарлама бірдей жастағы және әртүрлі жастағы балалардың біріккен ұйымдарында іске асырылады. Бұл жерде білім берудің үш сатылы жүйесі тиімдірек болып саналады.

1. Үйірме жұмысы.
2. Қосымша білім беру және ғылымды тереңдете оқыту.
3. Тәжірибелік және ғылыми зерттеу жұмысы.

Мектептен тыс білім беру орындарының ұжымдары өздерінің ережесіне сәйкес өз

іс-әрекеттері негізінде өздігінен бағдарлама жасайды. Бағдарламада тәрбиеленушілердің мүддесі, қабілеті, отбасының, білім беру ұйымдарының қажеттілігі ескеріледі.

Қосымша білім беру ұйымы тәрбие, білім, оқу біліктілігін қалыптастыруды ғана көздемейді. Тәрбиеленушілерді ұжымдық өмірге баулып, қарым-қатынас мәдениетін үйретеді. Әр бала - дара тұлға. Бала тәрбиесінде жаман қылықтар көрсетуден аулақ болып, балаға өнеге бола алсақ, жан-жақты дамыған, шығармашылық қызығуы бар ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Қорыта келе, педагогтер тәрбиеленушілердің жеке-дара қабілеттерін дамытуды көздей отырып, соған қарай олардың бейімін, қызығушылығын дамытуды мақсат етсе, әрбір жеке тұлға дүниетанымының қалыптасуын, адамгершілік қасиеттерінің, еңбекке деген сүйіспеншілігінің артуына, жан-жақты жарасымды дамуына жағдай жасайды. Педагогтің ең үлкен міндеті бала жүрегіне жол таба отырып жұмыс істеу, балалармен үнемі түрлі бағыттарда жұмыстар жүргізе отырып, ізденуге мүмкіндік беру керек.

«ПРОБЛЕМА ВРЕМЕНИ НА УРОКЕ СПЕЦИАЛЬНОСТИ В КЛАССЕ БАЯНА»

КГУ «Дворец школьников отдела образования г. Тараза УО акимата Жамбылской области», Жолдыбаева Жанагүл Тулимисовна
педагога дополнительного образования по классу баян.
Педагог-исследователь

Введение

Данная методическая разработка представляет собой материал для выявления актуальных проблем у педагогов на уроках с учениками. По моему личному опыту происходит потеря времени на уроке и не весь план работы выполняется, как этого хочется. Материал предназначен для педагогов дополнительного образования и педагогов детских музыкальных школ. В ходе статьи раскрывается вопрос о том, какие главные причины потери времени на уроке и их эффективное устранение. Предложить варианты равномерного распределения времени, проанализировав все аспекты урока.

Бұл әдістемелік әзірлеме мұғалімдердің оқушылармен сабақта өзекте мәселелерін анықтауға арналған материал болып табылады. Менің жеке тәжірибиеде сабақта уақыт босқа кетеді және барлық жұмыс жоспары орындалмайды. Материал қосымша білім беру мұғалімдеріне және балалар музыка мектептерінің мұғалімдеріне арналған. Мақалада сабақта уақытты ысырап етудің негізгі себептері қандай және оларды тиімді жою мәселесі ашылады. Сабақтың барлық аспектілерін талдай отырып, уақытты бір келкі бөлу нұсқаларын ұсыныңыз.

Урок – это зеркало общей и педагогической культуры учителя, мерило его интеллектуального богатства, показатель его кругозора, эрудиции. «Чтобы дать ученикам искорку знаний, учителю надо впитать целое море света». Автор этих замечательных слов известный советский педагог Василий Сухомлинский

Главное в школе – его величество «урок». Качество которого бывает различным: высокое или увы, низкое.

Великий русский писатель Л. Толстой очень верно сказал: «для того, чтобы ученик учился хорошо, надо чтобы он учился охотно!»

По наблюдениям на уроках, имеются педагогические недочеты, от которых нужны избавиться в дальнейшем.

Цели: оказать методическую помощь коллегам, тем самым повысить качество обучение на уроках специальности.

Задачи:

1. Проанализировать, почему часто педагогу не хватает времени на уроке. Куда и на что уходит драгоценные минуты.

2. Поделится наблюдениями, практическими наработками на основе личного опыта работы и дать полезные советы.

Планирование урока

Общеизвестно, что любой урок должен быть спланирован. Учитель помнит что было на прошлом уроке, проанализировал плюсы и минусы, составил краткий план предстоящего урока и обдумал сам ход. На выполнение цели урока оказывают влияние многие факторы: уровень подготовленности ученика к занятию, его психо-физическое состояние, особенности здоровья, эмоциональное состояние на момент урока. На уроке необходимо постоянно отслеживать время. А для этого очень важно иметь в классе часы. В работе на уроке должно быть не одно произведение, а 3-4 в разной степени готовности. Кроме этого, необходимо наметить задание по работе над гаммами, репертуаром по повторению, чтением с листа, подбором по слуху, упражнениями и другими формами работы.

Поощряйте учеников за участие в физминутках и активное выполнение упражнений. Положительная обратная связь и похвала помогут поддержать интерес к этой активности.

Систематичность:

Проводите физминутки регулярно, чтобы они стали привычным и ожидаемым элементом школьного расписания. Это также поможет сформировать здоровые привычки учеников по активному образу жизни.

Пример руководителя:

Включайтесь сами и привлекайте других взрослых в учебном процессе в выполнение упражнений во время физминуток. Показывайте хороший пример физической активности и заботы о здоровье.

Физическое и эмоциональное благополучие:

Перемены предоставляют ученикам возможность расслабиться и разгрузиться физически, что важно для поддержания их общего здоровья. Это также время для эмоционального отдыха, позволяя снизить уровень стресса и напряжения.

Социализация и взаимодействие:

В периоды перемен дети имеют возможность общаться, обмениваться впечатлениями и укреплять связи с товарищами. Это способствует развитию социальных навыков и формированию дружеских отношений.

Стимуляция умственной активности:

Организация разнообразных активностей во время перемен, таких как чтение, творческие мастер-классы или интеллектуальные игры, может способствовать стимуляции умственной активности учеников. Это помогает поддерживать их интерес к обучению.

Поддержка здорового образа жизни:

Вмешиваясь в организацию полезных активностей, могут стимулировать учеников к здоровому образу жизни. Физические упражнения, игры, или даже короткие физминутки должны быть включены в распорядок перемен каждого педагога.

Создание условий для саморазвития:

Время между занятиями можно использовать для саморазвития и самообучения. Например, организация кружков, клубов или дополнительных занятий может предоставить ученикам возможность раскрыть свой творческий или научный потенциал.

Повышение эффективности учебного процесса:

Регулирование времени между занятиями помогает предотвратить усталость и отвлечение учеников, что в свою очередь способствует повышению эффективности учебного процесса. В целом, организация перемен между уроками является неотъемлемой частью создания обстоятельств, для более успешного обучения и разностороннего развития учеников.

Особое значение приобретает достаточное наличие четких правил. Они упорядочивают взаимодействия играющих, устраняют случаи излишнего возбуждения, благоприятно влияют на проявление положительных эмоций.

Нежелательным вариантом проведения перемен является любой вид умственной деятельности: чтение художественной литературы, игры, требующие умственного напряжения (шашки, шахматы, электронные игры). Но если учитель видит, что небольшая кучка ребят занята другим делом, не надо отрывать их от этого, так как принуждение при отказе детей от игры недопустимо, важны доброжелательность, двигательный и эмоциональный "комфорт", желание детей участвовать в игре.

Наблюдения показали некоторую закономерность:

-после первого урока детям не требуется организация перемены, потому что в это время они еще не успели устать от учебной деятельности;

-к концу занятий дети устают больше всего и им необходимо сбросить физическое утомление, эмоционально "зарядиться"

Выводы:

Таким образом, методические рекомендации по организации продуктивного отдыха детей во время занятий и перемен имеют целью создать благоприятные условия для обучения и развития воспитанников, обеспечивая им необходимый отдых во время учебного процесса.

Приложение

Физминутки во время занятий и игры на переменах.

Минутка – гимнастика «Я – исследователь!»

Гимнастика для мышц шеи включает упражнения, которые можно выполнять сидя за столом. Упражнения выполняют медленно, на каждый слог одно движение:

Как мне нравится учиться (наклоны головы вверх-вниз),

Изучать весь мир вокруг (повороты головы вправо-влево)!

С каждой новой страницей (наклоны головы вправо-влево)

Все понятней стало вдруг (круговые движения головой по одному разу в одну и в другую сторону).

Это простая гимнастика способствует укреплению зрения и мобилизации внимания.

Дети смогут быстро восстановить умственную деятельность.

Игра «Пустое место»

Пустое место – веселая, подвижная игра для школьников, хорошо развивающая реакцию детей и рассчитанная на большое количество игроков.

Описание игры

1. Игроки встают в круг, а водящий остается за кругом

2. Водящий ходит за кругом и дотрагивается до одного из игроков, касаясь плеча или руки – это означает, что он вызывает игрока на соревнование

3. Водящий бежит за кругом в одну сторону, а вызванный в противоположную.

4. Встретившись, они здороваются и продолжают бежать дальше, стараясь наперегонки занять свободное место.

Игра «Земля, вода, огонь, воздух»

Играющие дети становятся в круг, в середине которого стоит ведущий. Он бросает мячик кому-нибудь из играющих, произнося при этом одно из четырех слов: земля, вода, огонь, воздух.

Если ведущий сказал слово «земля», тот, кто поймал мяч, должен быстро назвать какое-нибудь домашнее животное. На слово «вода» играющий отвечает названием рыбы. На слово «воздух» названием птицы. При слове «огонь» все должны несколько раз быстро повернуться кругом, помахивая руками. Затем мяч возвращается ведущему.

Правила игры: ошибающийся выбывает из игры.

Игра «Веселые ладошки»

Веселая игра на внимание и реакцию для большой группы детей. Эта игра хорошо подойдет для проведения на переменах в младших классах.

Описание игры

Игроки встают в круг. Каждый игрок получает порядковый номер.

Все игроки вместе начинают ритмично хлопать: два раза в ладоши, два раза по коленям. При этом один из игроков на хлопки в ладоши говорит свой номер, например - «пять-пять», а на хлопки по коленям – номер любого другого игрока.

Игрок, не успевший назвать свой номер или назвавший номер уже выбывшего участника, выходит из игры.

Побеждают два последних оставшихся игрока.



Список используемой литературы:

1. Игровые технологии в образовании» - М.Ю. Минаева, А-ты., 2016гг.;
2. «Организация физкультурно-оздоровительной работы с детьми и подростками» - Н.Л. Костикова Астана 2019гг.
3. «Организация активных игр и упражнений на учебных переменах» - Г.И. Руденко, М.,2020гг.
4. Электронный журнал «Тәрбиелік іс - шаралар» //Младший школьный возраст, <http://mifschools.dm0.ru>
5. «Методика физического воспитания и активного отдыха детей» - Е.И. Бержанов, А-ты., 2021гг.

«СОЛЬФЕДЖИО САБАҒЫНДА ОҚУШЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУТЫДЫҢ НЕГІЗГІ ЖОЛДАРЫ»

Маңғыстау облысының білім басқармасының
Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «Абыл Тарақұлы атындағы
балалар өнер мектебі» жедел басқару құқығындағы МКҚК

Музыкалық теория пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші
Сагиндикова Ляйла Жайлауовна



Кіріспе

Сольфеджио сабағының бағдарламасына жататын негізгі бөлімдері - теориялық мағлұмат, вокалды дауыс-ырғақ дағдысы, сольфеджиолау және нотамен әндету, өлшем-ырғақ сезімін тәрбиелеу, есту қабілетті талдау, саздық диктант, шығармашылық тәрбие дағдысы. Сольфеджио – музыка мектебінде дәріс алушылардың музыкалық эстетикалық тәрбиесін дамытатын, жалпы музыкалық ой-өрісін кеңейтін, музыкалық мәнерінің қалыптасуын қамтамасыз ететін пән.

Сабақ ұйымдастыруы және жүргізілу жүйесі

Сынып жұмысында топпен және жеке оқыту үйлестіре білу, алдын ала жоспарланған тәсілмен сабақты жүргізе білу, мұғалімнен шеберлікті талап етеді. Әр өтілген сабақ маңызды. Сабақ құрылған жарты жылдық жоспардан басталуы керек. Бағдарлама материалы сабақ санына қарай бөлінеді. Негізінен теориялық материалдың өту мерзімі анықталады. Балалар музыкалық мектебінің жұмыс жоспары (45 минут)

1. 3-4 минут – сабаққа қатысушыларды түгендеу
2. 10 минут – үй жұмысын сұрау
3. 8-10 минут – жаңаны түсіндіру
4. 8-10 минут – диктант
5. 10 минут – парақтан оқу, хормен ән айту
6. 5 минут – үй жұмысын бекіту.

Сабақ жоспарын мұғалім күнтізбелік жоспар бойынша құрады. Мұндай жоспар мұғалімге бір жүйеге түскен сабақты, музыкалық материалды, дұрыс тексеруге мүмкіндік береді. Әрі осылай тәжірибе жинақтауға септігін тигізеді. Үй жұмысы сольфеджио сабағында міндетті. Үй тапсырмасына негізгі талаптар: тапсырма оқушының даму деңгейінен жоғары болмауы тиіс, әсіресе бала әлі өз бетінше жұмыс істей алмайтын кезде. Үй жұмысының саны жаз ерекшелік пен топ құрамына да байланысты. Сондықтан тапсырманы бермес бұрын оны сыныпта бірнеше рет жазып қарау керек. Жазба жұмыстары музыкалық мектептерде – ол көшіру, тасымалдау, құру, шығару. Оқушының үлгерімін түрлі сауалдармен бағалауға болады. 1. Ұпай бойынша бағасыз. Бұндай сауал әр сабақта болуы керек. Бұл өтілгенді бекітуге тиімді. 2. Тақырып бойынша сауал. Бұл материалды меңгеруін түсіндіру. Бағалауға болады, бастысы оқушының мінезі. Сабақта бәрінен бірден сұрауға болмайды. Үш-төрт әуенінен сұрап, қалғанын келесі сабақта сұрау керек. Кейбір мұғалімдер тексеру сауалын жазбаша алады. Бұл аса қолайлы тәсіл емес. 3. Оқушыдан үй жұмысы бойынша сауал алу. Ұжымдық тексеру тәсілдері ұсынылады. Таңдап сұрауға болады, бірақ бағаны бүкіл сыныпқа таңдату керек. Күнде бағалау керек емес, бірақ әр сұралған оқушыны ауызша бағалаған дұрыс. Ұжымдық тексеруде әрбір адам өзі жауабын жазып, өзіне баға қойю керек. 4. Бақылау сауал. Музыкалық мектептерде бұл – тоқсан сайын жүріп отырады. Жиі бақылау сауалын қою керек емес. Сольфеджиода маңызды – жұмыс процесі. Қабілетті оқушының үй жұмысын орындамай ақ бестік алуы кездеседі. Керісінше, сылбыр оқушы қанша дайындалса да, үштен артық баға алмай жатады.

Жұмыс барысында бағасын көтермелеп, еңбегін ескеруде болады. Бұл сылбыр оқушының өз күшіне сенуін тәрбиелік ықпал етеді. Балалар мектебінде оқушының жасын, оның интелектісін, дамуын ескеру керек. Оны асықтырмаған жөн. Жұмыс барысында педагог оның жетіспестігі неде, қай музыкалық есту қабілеті төмен, соны біліп қана қоймай оның себебін де анықтауы тиіс. Тек қана себебін анықтаудан, педагог қатені жөндей алады.

Вокалды дыбыстау жаттығулары

Сольфеджио сабағының ең басты жұмысының бірі – вокалды дыбыстау жаттығулары (гаммаларды әндету, интервалдар, аккордтар, секвенциялар мен әр түрлі мелодиялық айналымдар). Осы аталған жұмыстар баланың есту, қабылдау қабілетінің артуына ықпал етеді. Соның ішінде ладтық құрылым, гармониялық әуенді іштей сезіну және ноталық мәтінді оқи алу мен жазба әуендерді есту арқылы сараптама жасау, оқушының музыкалық қабілетін көркейтіп, кеңейту де басты жұмыс болып саналады. Вокалды дыбыстау жаттығулары, оқушының сольфеджио сабағында алған теориялық және практикалық білімін жетілдіре түседі. Дыбыстау жаттығуларын орындаған кезде мұғалім әуеннің орындалу сапасын қадағалап, дұрыс айтылуына ықпал ету қажет. Оқытудың бастапқы кезінде дыбыстау жаттығуларын хормен немесе топтарға бөлініп айту қажет, ал жеке орындауға соңынан көшкен дұрыс. Дыбыстау жаттығулары бастапқы кезде жай, еркін ырғақта мұғалімнің қол қимылының көмегімен орындалып, уақыт өте келе бұл жаттығулар әр түрлі ырғақта көркемделуі тиіс. Осындай жаттығуларды орындаумен қатар, өтілген интервалдар мен аккордтарды жүйелі түрде әндету жұмыстары жүргізіліп отыру керек. Вокалды дыбыстау жаттығулары көбінесе сабақтың басында орындалады. Бірақ бұған көп уақыт кетірудің қажеті жоқ, себебі бұл басты жұмыстанудың қосымша бір бөлігі болып табылады. Вокалды дыбыстау жаттығуларына музыкалық шығармалардан алынған үзінділер мен мұғалімнің құрастырған музыкалық жаттығулары қызмет ете алады.

Парақтан оқу немесе әндету

Сольфеджио сабағының негізгі құрылымы – парақ бетінен дыбыстап әндету болып табылады. Дыбыстап әндету кезінде, әуеннің дұрыс айтылуы, таза дыбыстау, музыкалық мәтінді сауатты оқу, әндетіп жүргізу, музыкалық құрылымды (лад) сезінуге тәрбиелейді. Мұндай жұмыстану, оқу жылының барысында, барлық жыл бойы жүргізіліп отыру қажет. Сольфеджиода әндету кезінде таза дыбыстар тізбегін, дыбыстардың дұрыс нық дыбысталуына, әуенді жатқа әндетуге, ал кейін таныс емес әуенді айтып үйренуге аса көңіл бөлінуі қажет. Осындай мезетте мұғалім оқушының дирижерлау қабілетін (қол қимылын) дәлдігін, санау үрдісін қадағалап отыруға міндетті. Гармониялық есту мен бірігіп айтуды (ансамбльді) дамыту үшін, әндету кезінде жеңілдетілген екі дауысты жаттығулардан мысал келтіре жұмыстану керек. Екі дауысты әуенді әндету үшін, ең алдымен жеңіл әнді әндету немесе әуеннің негізгі дыбыстарын «унисон» ету арқылы айтқызу. Осы арқылы дыбыстардың бірін-бірі мен қарама-қарсы орындалуы, әрі қарай «канон» айту арқылы, екі дауыста бір әуенді кезектесіп, кей кезде бір мезгілде әндетіп, дыбыстарды өз орнымен әндете тізбектеу керек.

Диктант жазу реті және оның түрлі нұсқалары

Музыкалық диктант жазу процесі «естіп тұрмын – түсінемін – жазамын» тек қана дамыған есту қабілетті, теориялық білімдерден басқа, арнайы дайындық талап етеді. Сольфеджиода бұл негізгі методиканың бірі – музыкалық диктантты қалай жазылуын көрсету керек. Диктант жазудың мақсаты: естігенді көрсетіп үйрену, есте сақтау қабілетті және ішкі есту қабілетті дамыту, сольфеджио сабағында алған білімдерді қорытынды ретінде диктантта қолдану. Сольфеджио сабағында диктант жазу әдісі, ладо-функционалдық есту жүйесін тәрбиелеуден құрылады. Жазу элементтерін меңгермесе, диктант жазу еш нәтиже әкелмейді. Сондықтан диктант жазар алдында, бірінші сыныпта оқушылар ноталарды танып және жазып білу керек. Ноталарды әдемі жазу үшін, сыныпта немесе үйде жаттығуларды көшіруге болады. Мұғалім нота сопақша дөңгелектен, штильден және де сызықтың бойында немесе екі сызықтың арасында тұратынын айтады. Штильдің да жазылуы ережесі бар: үшінші сызыққа дейінгі ноталардың штилі жоғары, ал одан жоғарғы ноталардың штилі төмен жазылады, және де штильдің ұзындығы нота тұрағынан шықпау керек. Жазуды нота тұрағының басынан бастаймыз. Скрипка кілті

жазылуы бірнеше элементтерден тұрады, бірінші элементтен бастап, аяғына дейін қолды үзбей салады. Осы жаттығуды балалар екі, үш сабақта үйренеді. Өлшем жазар кезде, сандарды нота тұрақтан шығармай, бірінің үстінде бірі жазылуы талап етіледі. Жоғарғы саны нота тұрақта үшінші сызыққа дейін, ал төменгі саны оның астына бірінші сызыққа дейін жазылады. Ал такт сызығы, нота тұрақтың үстінен тіке сызық жүргізіліп жазылады. Жазудың соңында екі такт сызығы сызылады. Осының бәрін мұғалім әр сабақта дұрыс жазуын талап етіп тұруы керек. Диктанттың бірнеше түрлері бар: Ырғақты диктант, Әуендік диктант, Көрсетілген диктант, Алдын ала талданған диктант, «Эскизді» диктант, Жаттау қабілетті дамыту диктант, Таныс музыканы жазу немесе «өзіндік диктант».

Ырғақты сезімді қалыптастыру (метроритм)

Музыкалық құрылымдағы дыбысты нақты дыбыстау қандай қажет болса, ырғақты қалыптастыру да оқушының музыкалық қабілетін арттыруда өте қажет нәрселердің бірі. Бірақ одан да жақсы көрсеткішке жету үшін, метроырғақты дамытуда, жатталған не болмаса оқылған шығарманың ырғағын, арнайы ырғақты жаттығуларды таңдап алуда, әу бастан балалардың қозғалыс қабілетін ескере отырып жасағаны дұрыс (жүру, жүгіру, әуенмен қол соғу, ұрмалы аспаптарды соғу, әр түрлі дыбыстарды соғып не секіртіп айту, т.б.). Дәл осындай мысал арқылы, баланың дыбыс ұзақтықтарын түсінуде, алғашқы қадам бола бастайды. Мәселен: төрттік дыбыс адымдау, сегіздік дыбыс жүргізу, жарты дыбыс айналу, бүтін дыбыс отыру, жайылу. Осы секілді ырғақты жаттығулардың тағы бір қатарын ұсынуға болады. Олар: ырғақтың суретін сөздер арқылы буындап бөліп көрсету, таныс әуеннің ырғағын соғу, ырғақтың суретін қолмен соғу, қарындашпен тықылдату жолдары арқылы, берілген әуеннің не шығарманың, кейбір бөліктерінде әр түрлі жануарлардың жүрісін бейнелеу. Осындай жаттығуларды оқушылар мұғаліммен бірге белсене қатынаса отыры жасаса, онда ырғақты қалыптастыру жұмысының нәтижелі болары сөзсіз.

Есту сараптамасы

Оқушының есту қабілетін дамытудағы негізгі жұмыстанудың бірі, әңдетумен қатар, есту сараптамасы бірге жүреді. Басты бағытты ұғыну, ең алдымен қабылдаудан басталады. Соңдықтан оқушыны, әуенді тыңдай білуге үйрету керек. Әуен қабылдау, есту базасын қалыптастырады және көптеген әуендік құбылыстар мен түсініктерді тануға көмектеседі. Ол әуендік жұмыстардың басқада көлемімен өте тығыз байланысты. Есту сараптамасы мен жүйелі түрде жұмыстану, оқушының ішкі есту мүшесін, әуендік есін, ой қабілетін кеңейтеді, оның есту қабілеті өзіне әуендік есті сңіреді. Ол оқушының гармониялық естуінің өсуіне, ерекше бағыт береді. Есту сараптамасымен сольфеджио нәтижесінде, оқушыға шығарманы аспапта сараптап шығаруына, ойнауына іс жүзінде көмектеседі. Есту мен сараптау бір мезгілде екі бағытта жүріп отыру қажет. Бірінші бағыт: музыкалық шығармалармен, олардан алынған үзінділерді сараптау болса, екінші бағыт – әуен тілінің жеке элементтерін сараптау.

Қазіргі кезде сольфеджио барлық музыкалық оқу орындарында оқу жоспарына кіреді. Мазмұны және оқыту әдістеріне байланысты өзгешеліктері болғанымен, музыкалық сауатын жан-жақты дамыту жолында, сольфеджио – негізгі мақсаты болып қала бермек. Музыкалық мектептердің мақсаты – баланың музыкалық қабілетін жан-жақты, әрі үйлесімді дамуын қамтамасыз ету. Мектептің оқу жоспары, осы мақсатты арнайы және теориялық пәндерді бір-бірімен тұтас жүзеге асырылуы тиіс. Бұл музыкалық сауатты дамытуда дағдылардың қалыптасуымен репертуарды пайдалану деген сөз.

Қолданылған әдебиеттер

1. А.Л. Островский «Методика теорий музыки и сольфеджио».
2. Е.В. Давыдова «Методика преподавания сольфеджио».
3. Вахромеев В.А. «Методика преподавания сольфеджио».
4. Л. Фокина «Методика преподавания музыкального диктанта» - изд. Музыка, М., 1969 г.
5. Г. Фридкин «Музыкальные диктанты» - изд. Музыка, М., 1965 г. Л. Фокина «Методическое пособие по музыкальному диктанту» Москва 1957 г.

«ОТЧЕТНЫЙ КОНЦЕРТ КАК ФОРМА ПОДВЕДЕНИЯ ИТОГОВ УЧЕБНОГО ГОДА ДЕТСКИХ ТВОРЧЕСКИХ КОЛЛЕКТИВОВ ДВОРЦА ШКОЛЬНИКОВ»

Яворская Майя Сергеевна
Педагог дополнительного образования организационно - массового
отдела Дворца школьников, педагог – исследователь

Введение

Дворец школьников – это второй дом для наших воспитанников, здесь они реализуют свои возможности и потребности, здесь дети и подростки учатся выражать свое мнение, открывают в себе таланты, совершенствуют свои умения в разных сферах творчества. И, конечно же, стремятся показать себя и получить заслуженную оценку.

Отчётный концерт, как и любой другой, – серьёзное испытание для юных музыкантов, танцоров, вокалистов, которое закаляет их волю, приучает владеть собой. Осваивая новые формы и методы обучения детей музыке, хореографии, вокалу повышая свой уровень исполнительского мастерства, находясь в постоянном творческом поиске, педагоги нашего Дворца школьников добиваются очень больших успехов в своей педагогической деятельности. Каждому ребёнку даётся возможность пережить моменты успеха, удачи, веры в собственные силы и способности.

В данной статье мы рассмотрим отчетный концерт как форму подведения итогов учебного года на примере отчетного концерта воспитанников Дворца школьников «Экзотическое путешествие»

Актуальность данного материала обусловлена тем, что использование его педагогами будет способствовать пробуждению их новых творческих идей, фантазий и вдохновит на новые замыслы, интересные идеи и креативные предложения.

Сценарий отчетного концерта воспитанников Дворца школьников «Экзотическое путешествие».

Цель концерта – показать результаты и творческие достижения, которых достигли воспитанники хореографического ансамбля «Жас Даурен», музыкальной студии «Гармония», студии эстрадного вокала «Камертон» в течение учебного года.

Занавес открывается

На экране видео заставка передачи «Орел или решка»

Выход ведущих

Ведущий 1: Саламатсыңдар ма, достар! Біз сендерді көргенімізге қуаныштымыз. Бүгін сендерге жақсы көңіл- күй сыйлаймыз.

Ведущий 2: Здравствуйте, дорогие друзья! Наверняка, каждый из вас, хоть однажды, мысленно отправлялся в путешествие вместе с ведущими телепередачи «Орел и решка». Сегодня у вас, всех присутствующих в этом зале есть шанс стать участниками этой замечательной передачи.

Ведущий 1: Біз сіздерді Мектептен тыс жұмыс және балалар шығармашылық орталығының тәрбиеленушілерімен бірге бүкіл жер шарын саяхаттауға шақырамыз.

Ведущий 2: Путешествовать мы с вами будем вот на этом замечательном воздушном шаре! (На экране картинка воздушного шара).

Ведущий 1: Қандай керемет! Мен мұндай әуе шарымен ешқашан ұшып көрмеппін.

Ведущий 2: Вот увидишь, тебе понравится! А решение о том, куда именно мы отправимся, будет приниматься – подбрасыванием, вот этой монеты. Первый рейс я предлагаю сделать в Африку!!

Ведущий 1: Мүмкін, Латын Америкасына ұшармыз?!

Ведущий 2 : Давай подкинем монету! Если орел, то мы летим в Африку, а если решка в Латинскую Америку!

Ведущий 1: Келістік!

Подкидывают монетку Орел! Біз Африкаға ұшамыз!

На экране видео - заставка передачи «Орел или решка» Африка

Танец «Африка»

Ведущий 2: Фантастическая страна, самый жаркий континент.

Ведущий 1: Иә, бұл нағыз тропикалық жұмақ екен. Ал, енді достар, біз Латын Америкасына ұшамыз!

Подкидывает монету

Танец «Мексика»

Танец «Самба»

Кубинская ча-ча-ча

Ведущий 2: Какая страна у нас на очереди?

Ведущий 1: Маған Латын Америкасы қатты ұнайды. Қарсы болмасаң осында біраз қалсақ қалай болады? Сен қарсы болмайсың ғой солай ма?

Ведущий 2: Конечно, же не против! Я только- за!

«Кубинский танец» исполняет ансамбль скрипачей

Румба исполняет ансамбль скрипачей

Танец «Танго»

Ведущий 2: Знойные прерии с кактусами, живописные каньоны и леса, культура древних цивилизаций, зажигательные танцы – все это мы увидели в Латинской Америке.

Ну, а сейчас мы с вами направляемся к известному во всем мире острову ЯМАЙКА.

Ведущий 1: На Ямайку? Это так увлекательно и смело. Тёплое Карибское море и его знаменитые пираты!

На экране видео - заставка передачи «Орел или решка» Ямайка

Занавес закрывается

Песня «Jamaica»

Интерактивная игра с залом

Ведущий 2: Гульмира, а где бы ты еще хотела побывать?

Ведущий 1: Мен Францияда ешқашан болған емеспін.

Ведущий 2: Да, Францию любят все путешественники, а особенно девчонки!

Франция - это, прежде всего, блистательный Париж - город романтиков и модниц, герой исторических романов, город королей и король городов ...

Ведущий 1: Шешілді. Біз Францияға қарай жол тартамыз!

На экране видео - заставка передачи «Орел или решка» Ямайка

«Луна над Парижем» исполняет ансамбль синтезаторов

«Караван» исполняет ансамбль синтезаторов

Ведущий 1: Как я люблю путешествовать. У меня такое замечательное настроение.

Ведущий 2: А как ты думаешь, а оно может передаваться?

Ведущий 1: По воздуху еще как передается! Когда я вижу улыбающегося человека, мне так хочется улыбнуться ему в ответ.

Ведущий 2: И мне тоже, ты права и правда передается.

Ведущий 1: Но раз ты со мной согласен, предлагаю тебе улыбнуться и зарядить всех наших гостей хорошим настроением и позитивом! А следующая наша исполнительница нам в этом поможет!

Песня «Smile»

Занавес открывается

Ведущий 2: Гульмира, нас ждет еще один чудесный маршрут, который выбрал в себя все красивейшие места такой удивительной и экзотической страны, как Испания.

Ведущий 1: Испания, менің көптен бергі арманым!

Подкидывают монету

Ведущий 2: Испания поражает путешественников своей красотой и своими контрастами. Испания — это огонь и лед, переборы гитары и шелканье кастаньет, это безумства фиесты и храбрость корриды.

Ведущий1: Испания — это покой сиесты и вечный запах жасмина.

Испанский танец

Танец «Пасадобль»

Ведущий 1: Ник, Азияны естігенде көз алдыңа не елестейді?

Ведущий 2: Азия всегда удивляла мир. Кажется, от одного только названия веет древностью, величием и ароматами лотоса. А еще это огромные мегаполисы, узкие шумные улицы и рикши.

Ведущий: Да, Азия — это другой мир. Манящая и загадочная.

Мы летим в Азию.

Китайский танец «Шаолинь»

Корейский танец

Ведущий 2: Снова наш воздушный шар зовёт в путешествие!

Подбрасывают монету

Ведущий 1: Келесі кезекте ғажап Италия.

Ведущий 2: Италия - это сказочные венецианские карнавалы, вечный город Рим, Пизанская башня, Неаполь, Флоренция. Верона, где жили Ромео и Джульетта

Ведущий 1: Верона, где жили Ромео и Джульетта.

Танец «Тарантелла»

Песня «Италия»

Ведущий 1 : Италия- очень удивительная страна !

Ведущий 2: Ну, что? Куда теперь отправимся?

Ведущий 1: Мүмкін қонақжай Грецияға?

Ведущий 2: Давай. (Подкидывают монету)

Ведущий 1: Ежелгі Грекия Балқан түбегінің оңтүстік бөлігінде орналасқан. Онда жүзім мен зәйтүн ағаштары жақсы өседі. Грек мифтері түрлі ғажайып құбылыстарды, батырлардың қаһармандық ерліктері мен бастан кешкен оқиғаларын баяндайды. Ежелгі мифтерді жыршы ақындар ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған. Балқан түбегін айнала теңіздер қоршап жатыр.

Танец «Греция»

Подбрасывают монету

Ведущий 1: Біздің келесі аялдамамыз- Америка Құрама Штаты. Наша следующая остановка – Соединенные Штаты Америки.

Ведущий 2: Достопримечательности Соединенных Штатов Америки — это Статуя и небоскребы, Фабрика Грез, Белый дом. Это танцы в стиле кантри, брейк данс и хип-хоп.

Ведущий 1: Америкаға қош келдік! Добро пожаловать в Америку!

Танец Кантри

Танец «Башмачки»

Брейк «Шаги стиля»

Песня «We Are the World»

Ведущий 1: Саяхатымызды әрі қарай жалғастырамыз. Продолжаем наше путешествие!

Подбрасывают монету

Ведущий 2: Индия - эта страна полна загадок и таинств. Это древние цивилизации величественный Тадж Махал, непокоримые Гималаи.

Ведущий 1: Мұнда қасиетті Ганг өзені мен өте үлкен пілдер!

Индийский танец

Ведущий 1: Міне, біздің саяхатымызда аяқталды.

Ведущий 2: Наше путешествие было не просто увлекательным, но еще очень веселым, запоминающимся и полезным.

Ведущий 1: Иә, маған да бұл саяхат сондай тамаша әсер қалдырды.

Ведущий 2: А у меня в душе просто Карнавал! Мы не говорим вам до свидания, мы говорим – до НОВЫХ ВСТРЕЧ!

Финал. Танец «Карнавал» выход всех участников концерта

Заключение.

Процесс подготовки к отчетному концерту и сам концерт на протяжении всего своего пути от первых репетиций и до окончания концерта приводит к получению

следующих результатов:

1. Формирование дружного целеустремленного коллектива – настоящий детский коллектив рождается в процессе совместного труда, появления у отдельных его участников общих интересов.

2. Преемственность и развитие чувства коллективизма – каждый ребенок должен знать, что он может в любую минуту заменить товарища, чтобы каждый член коллектива привык поступаться своим личным «я» для общего дела. Вместе с тем младшие обязательно должны тянуться за старшими, стремиться, скорее, достичь уровня их мастерства, а старшие – помогать в этом младшим.

3. Воспитание в детях сознания личной ответственности, как за свою роль, так и за всю постановку в целом.

4. Развитие у воспитанников навыков активного участия в мероприятии. Когда дети работают над исполнением, вовлекаются в организации, подготовку и ведение отчетного концерта, привлекаются к проверке и сбору костюмов, они ощущают большую ответственность и свою нужность, что воспитывает в них понимание ценности своего участия в общем деле.

5. Воспитание подрастающего поколения, широкое распространение танцевальной культуры, музыкальной, вокальной культуры.

6. Создание творческих коллективов с постоянным составом, способных решать различные художественные задачи разной сложности.

Список использованной литературы:

1. Исаенко, В.А. Как подготовить праздник для детей// Воспитание школьников, 2004. № 8. - С. 24-26.

2. Республиканский научно-методический журнал «Воспитательные мероприятия: в школе и дошкольных учреждениях» №1 (83) 2022 г. Алматы

3. Брылина, В.Л. Формирование эстетического сознания в процессе обучения со школьниками/ В.Л. Брылина. - Киев, 2001. – 238 с.

4. Ищенко, Г.Г. Ребенок и взрослый: педагогика взаимопонимания/ Г.Г. Ищенко. - М.: Изд-во «Либерия-Библинформ», 2007. – С. 81-111.

5. Петрушин, В.И. Психология и педагогика художественного творчества/ В.И. Петрушин. - М.: Изд-во «Академический проект», 2006. – С. 305-346.

6. Методика организации и проведения концертного выступления детского хореографического коллектива [Электронный ресурс] <https://lektsii.com/2-39716.html> (Дата обращения 02.04.2023)

7. Научно-педагогический журнал «Білім-Образование» Национальной академии образования имени И. Алтынсарина. No 1 (108) 2024 Астана

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫ БОЙЫНА АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАРЫТУ

Сэрээтэр Гульбахыт
Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицейінің
математика мұғалімі Педагогика ғылымдарының магистрі

Бұл мақалада оқушыға математиканы оқыта отырып, бойына адами құндылықтарды дарытудың әдіс-тәсілдері көрсетілген.

Өзектілігі: Қазіргі таңда оқушылардың, қызығушылықтарының, талап пен сұраныстарының, есте сақтау қабілетінің, ішкі, сыртқы эмоцияларының, өзін ұстауы, сөйлеу мәдениетінің өзгергенін байқаймыз. Бұл дегеніміз білім беруді, тәрбиелеу үрдісінің өзгеруін талап ететін жағдай. Оқушыға «Мен айтқанды істе емес, мен істегендей жаса» тәсілімен білім мен тәрбие беру керектігін көптеген тәжірибелер дәлелдеп келеді.

Маңызы: Мемлекеттік білім беру стандартында білім беру құндылықтарды оқушы бойына сіңіру арқылы жүзеге асу керектігі айтылған.

Қазіргі уақытта оқушы бойына маңызын жоғалтып бара жатқан жалпыадамзаттық құндылықтарды іс-әрекет яғни өзіміз үлгі болу арқылы, сіңіре отырып, сабағымызды мазмұнды ету арқылы, өмірлеріне азық болатындай етіп, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру мұғалімнің басты мақсаты болу керек.

Мақсаты: Оқушыға математиканы оқыта отырып өмірдің мәнін ұғындыру математикалық тақырыптарды түсіндіре отырып іс-әрекетінен қорытынды жасай алуға үйрету.

Білім беру, оқыту жауапсыздық пен қателікті көтермейтін нәзік жүйе ол - адам тағдыры. Оқыту, білім беру үнемі мұғалімнің ізденісін, шығармашылық шыңдалуын талап ететін күрделі үрдіс.

Жербетінде білім берудің құндылығы қайта қаралып өзгеріп жатқан тұста, дамытуды тек ойлауды немесе жалпы психиканы дамыту деп қарау жеткіліксіз.

Жалпы құндылық 3 түрге бөлінеді. Жалпыадамзаттық құндылықтар, адами құндылықтар, отбасылық құндылықтар. Бүгінгі мақаламда математиканы оқытуда, құндылықтарды оқушыға тапсырма арқылы, іс-әрекет арқылы қалай үйретуге болатынына тоқталамын.

Математиканы оқытудағы мақсат білім алушылардың бойында

Математикалық ойлауын дамыту, математикалық мәдениетке тәрбиелеу

Математиканы оқыту үрдісінде оқушыларды саналы тәртіпке, белсенділікке, бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге, жетелеу

Математикадан алған білім мен іскерліктерін оқуға және өз бетімен білім алу барысында белсенді түрде пайдалана білуге үйрету

Иә математика десе басқа пәндерден қарағанда күрделі ой еңбегін талап ететін, сөлемейтін сандармен, суық тартқан есеп елестейді. Бір шығарманы, тарихи оқиғаны оқып талдай түсіне салумен аяқталмайды. Математиканы оқытудың негізі құралы бұл есеп. Есептің жалпы құрлымына тоқаталайын бар шамалардың көмегімен жоқ шаманы іздеу. Мұның өзі өмір сүруге жетелеудің бір әдісі емес пе? Бір есеп арқылы оқушы бойынан жоғары да айтылған жалпыадамзаттық құндылықтардың бәрін сіңіруге болады. Атақты математик С.Л.Соболевтің мына бір сөзі ойға келеді «Математиканың ұғымдары, түсініктері және символдары басқа ғылымдардың сөйлейтін, жазатын және ойлайтын тілі қызметін атқарады» деген екен осыны ұмытпайық. Сол ұғымдарды, амалдарды, символдарды сөйлетуден бастайық.

Математикадағы негізгі төрт амал

• Қосу – сіздің дәрежеңіздің өсуі, ұлғаю, көтерілу, жоғарлау, биік ұғымы
Азайту – төмендеу, құлдырау, кему түсу

• Көбейту- тез жылдам сіздің дәрежеңіздің өсуі, ұлғаю, көтерілу, жоғарлау, биік ұғымы

• Бөлу- тез жылдам, төмендеу, құлдырау, кему түсу. Бөлінгенді бөрі жейді

халқымыздың даналығы есімізге түседі.

Құндылықтар: Құрмет, ынтымақтастық

Ондық бөлшектерді көбейту және бөлу 10, 100, 1000, 10000 разряд бірліктеріне көбейту

$$53,12 \cdot 10 = 531,2$$


$$53,12 \cdot 100 = 5312$$

$$53,12 \div 10 = 5,312$$

Біреуге жақсылық жасау құрметтеу, көмектесу сенің де дәрежеңді көтереді
Ал керісінше бөліну жек өз басыңның күнін ойлау жақсылыққа әкелмейді
Осы сөзге іс-әрекетке дәлел мына есеп. Не байқадық? Есептің бүтін бөлігіне назар аударамыз!

Құндылықтар: ұлт құндылық үлкен құрмет көрсету жақсы іс-әрекетті дағдыға айналдыруды ұғындыру


Құндылықтарға негізделген білімді математика сабағы арқылы қалай береміз. Мысалы математикадағы Функция ұғымы бар. Екі шама арасындағы тәуелділік. Адамның өмірі мен оның іс-әрекеті арасындағы байланыс сияқты. Сен не істеп жүрсіз қандай әрекет жасайсың сенің өмірдегі орының тағдырын соған байланысты. «Квадраттық функция» тақырыбы.



«Квадраттық функция» графигі парабола Сурет 1 көріп тұрғандай Парабола тармақтары жоғары және төмен қарайтын жағдайлар бар. Ол функциядағы a - ның мәніне байланысты теріс болса төмен оң болса жоғары қарайды. Осыны адамның іс-әрекетімен байланыстыру үшін халқымыз ұрпақ тәрбиесіндегі маңызды орынды мақал-мәтелге берген. Мен өз сабағымды оны былай жүзеге асырдым. Оқушы парабола тармағына сәйкес мақал айтады жоғары қарау үшін жақсы іс-әрекетті дәріптейтіндей. Мысалы:



Сурет 2
Оқушылар осындай тапсырмаларды орындайды



Сурет 3

Дәл осылай математиканы оқытудың тиімділігі мынада
Тақырыпты қызықты етеді
Пәнге деген қызығушылықты арттырады
Тақырыпты ұғына алмасада 40 минуттың 15 минутында айтқан ағайын, туыс
бауырмалдылықты санасына құяды.

Оқушыға математиканы жеңіл қабылдауға пайдасын тигізеді.

Оқушының пәнге деген қызығушылығы артады

Математика пәні өзі құнды іші құндылыққа толы барлық ғылымның патшасы дегенге
келісесіз деп ойлаймын. Сабақты құндылықтармен жеткізу арқылы ешбір технология
бере алмайтын эмоцияны бера алсаңыз оқушыңыз алысқа барады. Сабағымды үнемі бір
құндылықпен байланыстырып жүргенім ұзақ болмады бірақ оқушыларымның сабаққа
деген қызығушылығы, білгім келеді, үйренуге деген құштарлықтары қатты байқалады.

Қорытынды

Алдымызда отырған әр оқушы ертеңгі қоғамның бір мүшесі. Сол қоғамның әр
адамының бойында әділеттілік ұғымы қалыптасқан уақытта еліне, жеріне отанына адал
қызмет етем деген ниет болғанда, талантты білімді бәсеге қабілетті болған уақытта біздің
болашағымыз жарқын болады. Ел экономикасы сол елдің азаматтары білімді болғанда,
сыни тұрғыдан ойлай алғанда, кез-келген ақпаратты өз бетімен сарай алатын сауатты
болғанда өнімді болатыны анық.

ТӘРБИЕМЕН БЕРІЛГЕН БІЛІМ – ӨЛШЕУІ ЖОҚ ҚАЗЫНА

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Тараз қаласының білім бөлімінің оқушылар сарайы» КММ
Танрибергенова Жанат Рахимбаевна, қосымша білім беру педагогі

Бүгінгі қоғам дамыған және де ілгері қарай дами беретін кезең болып тұр. Әр кезеңнің өз өскелең ұрпағы болары анық. Сол қоғам алдында тұрған ең жауапты міндет - тәуелсіз мемлекетіміздің уығы болып қадалатын қоғам мүшелерін, яғни жас ұрпақты адамгершілік қасиетке тәрбиелеу, тиянақты білім беру. Балалар мен жасөспірімдерді адамгершілік жағынан нағыз адам етіп тәрбиелеу мен оқыту қай кезеңде де өзекті. Қай кезде де халқымыз өзінің болашағы - жастар тәрбиесіне көп көңіл бөліп отырған. Бүгінгі жас ұрпақты тәрбиелеудің жолдары сан тарау. Білім беру саласында баланы тәрбиелей отырып оқыту мәселесінің өзектілігі әрқашанда маңызды. Осы тұрғыда көреген Әл-Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім- адамзаттың қас жауы» - деген тұщымды айтқаны ойға оралады. Алдымен тәрбие беру, сонан соң оқыту өзара тығыз байланысты, бір-бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Сондықтан білім мен тәрбие білім беру ұйымдарында, сыныптан тыс қосымша білім беру мекемелерінде жүзеге асады. Негізінде бала тәрбиесі отбасынан басталатыны бәрімізге о бастан белгілі. Тәрбие - адам тағдырын шешетін ұлы іс. Ұлы істің бастау бұлағы, қайнар көзі - отбасы. Сол отбасындағы тәрбие білім ұясында жалғасын табады.

Десе де қазіргідей рухани құндылықтан материалдық құндылықтың басым түскен тұсында бала тәрбиесі ақсап тұрғаны жасырын емес. Шыны керек қазіргі кезде жастарымыздың арасында саналы тәрбиенің болмауы болашақты алаңдатуда. Тәрбие өзекті мәселенің бірі болғандықтан, барлық білім беру мекемелері үштік бірлестікті сақтап, тәрбиені алдыңғы қатарға қоюда. Сондықтан да Тараз қаласындағы «Бақытты болашақ» оқушылар сарайының педагогтер қауымы «Тәрбие тал бесіктен» - деп аталатын ауқымды тақырыпмен жұмыс жасауды жөн деп санаған болатын. Сол бағытта «Балдәурен» бүлдіршіндер мектебі осы аталған тақырып бойынша 5-6 жас аралығындағы тәрбиеленушілермен жұмыс жасадық. Педагог қауымының соңғы кездегі байқағаны жылдан-жылға балалардың достық, мейірімділік, жанашырлық деген ұғымдардан алшақтап бара жатқандығы байқалады. Сондықтан да тәрбиені қолға алуды, өзекті мәселенің бірі деп таптық. Біздің «Балдәурен» бүлдіршіндер мектебіне балалар алғаш келген кезде бір-бір үйдің еркесі, көпшіл емес, өз ойларын жетік жеткізе алмайтын, түйық мінезді балалар болды. Бүгінгі күнде мазмұнды үштік жұмыстың нәтижесінде біраз жетістіктерді жүзеге асырдық. Өткізілген тәрбие сағаттары тікелей ата-аналардың ықпалымен жүзеге асырылып отырды. Атап айтсақ, ата-аналар мен педагогтер арасында «Тәрбие-тал бесіктен» дөңгелек үстел жұмыс түрі өткізілген болатын. Мұндағы мақсат ата-аналармен етене араласу, бала тәрбиесіндегі қиындықтармен ұтымды мәселелерді қарастыру. Осы тұрғыда Тәрбие ұғымын қалай түсінесіз? деген сұрақтар қойылып, жауаптар алынды. Осы сұрақ төңірегіндегі ата-аналардың жауабына тоқталып өтсек.

- Тәлім-тәрбие жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімдеу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс. Балаға тәрбиені ерте жастан дұрыс ұйымдастыру, уақытты тиімді пайдалану мақсатында баламның жан-жақты білімді, өнерлі болуы үшін осы мекемеге әкелуді дұрыс деп шештім.

- Бала тәрбиесі отбасынан басталып, білім ұясында жалғасын табады. Оқушылар сарайында білім мен тәрбие қатар жүргізілетінін біліп, баламды осы үйірмеге әкелуді жөн көрдім.

Сонымен, айқын мақсат қойылып орындалған әр жұмыстың нәтижелі болары анық екендігіне көз жеткізу үшін, «Тәрбие тал бесіктен» деп аталатын тәрбие сағатының жұмыс жоспары мынадай тақырыптарды қамтыды.

№	Іс-шараның атауы	Жұмыстың түрі
1	Тәрбие- тал бесіктен	Дөңгелек үстел
2	Жақсылық жасап жарысайық	Челлендж
3	Қолөнер таусылмас азық	Тәрбие сағаты
4	Үлкенге құрмет, кішігн ізет	Тәрбие сағаты
5	Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен	Тәрбие сағаты
6	Менің күн тәртібім	Тәрбие сағаты
7	Алғыс айту күні	Тәрбие сағаты
8	Қуаныш сыйла баршаға	Тәрбие сағаты
9	Қыздар сұлу көрінер өнерімен	Байқау
10	Бала тәрбиесі басты назарда	Ата-аналар жиналысы

Жоғарыда берілген тәрбие сағаттарының жалпы мақсаты: тектілігі тереңге тамырланған бала тәрбиесіне назар аудару. Ұрпақ тәрбиесі отбасынан басталып, білім ұясында жалғасын табатынын аңарту. Бүлдіршіндерге адалдық, әділдік, мейірімділік, адамгершілік сияқты ізгі қасиеттерді бойына дарыту.

Міндеттері:

- Отбасын құрметтеуге, ата-анаға үлкенге құрмет көрсетуге тәрбиелеу;
 - Балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайлы әңгімелеу;
 - Ұлттық мұраны қастерлеуге, қолөнер үлгілерін тани білуге баулу;
 - Қоршаған ортаға жауапкершілік таныту, қамқорлық көрсетуге үйрету;
 - Баланың бүгінгі қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына әсерін көрсету;
 - Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, достық қарым-қатынасты қалыптастыруға, ізгі істерді ұғындыруға машықтандыру;
 - Күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру. Кездейсоқ жағдайда қандай шешім қабылдау керектігін ұғындыру;
 - Қуаныш сөзінің адам өміріндегі мәні туралы түсініктерін кеңейту. Жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік беру.
- Тәрбие жұмыстарын жүйелі жүргізу нәтижесінде мынадай нәтижелерге қол жеткізілді.
- Ата-аналармен тығыз байланыс одан әрі күшейтіле түсті;
 - Бүлдіршіндердің бойында тәрбиенің құндылықтары жайлы түсінік қалыптасты.
- (патриоттық тәрбие)
- Өзін-өзі тәрбиелеуге, көпшілік ортада өзін ұстауға, өзгені құрметтеуге үйренді.

«ҰСТАЗ ҰЛЫЛЫҚТЫҢ, АДАЛДЫҚТЫҢ СИМВОЛЫ»

Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі: Жакупова Гүлденсін Ғабиденқызы

Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» — деп Абай атамыз айтқандай, ұстаз еңбегінің қыр – сыры мол, қиын да жауапты, шығармашылық еңбек екендігін баршамыз мойындаймыз. Бала бойында білім нәрін себетін, адамгершілік дәнін егетін басты тұлға — ұстаз. Адам жанын нұрландырар ұғымының ұлысы –ұстаз.

Ұстаздық ұлы қасиет. Ұстаз – білім нәрімен сусындаған жан. Өскелең ұрпақтың, болашақта елінің еңселі азаматы болып қалыптасуы, отбасымен қатар ұстаздардың берген тәрбиесіне тікелей байланысты. Ел ертеңі болып табылатын, әр шаңырақтың үміт

күткен ұл-қыздарының бойына білім мен өнерді, адамгершілік пен адалдықты, туралық пен шыншылдықты, рухани байлық пен ұлттық қасиеттерді сіңіріп, оларды тұлғалы азамат етіп қалыптастыру мейірбан жүректі ұстаздардың қолынан келетін іс. Мектеп табалдырығын аттаған сәтте алдымыздан жадыраған жаздай жылы жүзімен қарсы алып, партаға отырғызып, қолымызға қалам беріп, әріп үйретіп, кітаптың алғашқы бетін ашқан сәттен -ақ өмірдің ақ пен қарасын, жақсы мен жаманын, оңы мен солын, әрқашан жақсы өмір сүріп, жақсы адам болып қалу жолын үйретуге білек жеңін түріп кірісіп кеткен де осы ұстаз.

Қай кезде де болмасын ұстазды ұлықтаған ұлы халықпыз. Шыбық тіксе, шынар болатын, таяқ тіксе, тал болатын, қыран ұшса, қанаты талатын кең байтақ қазақ даласының небір дарынды дарабоздарын дана еткен де ұстаз. Түркі әлеміне мәшһүр Мағжан Жұмабаев: «Алты алаштың басы қосылса, төрдегі орын – ұстаздікі» дегендей, ұстазға деген құрметті осы бір сөздің өзінен-ақ аңғаруға болады. Осындай ұлы істің, қызығы мен шыжығы мол мамандықтың иесі болу – үлкен бақыт.

Ұстаз – Жер деген әлемнің бетін көркейткен, шәкірттеріне шуақ төккен Күн-Ана. Ұстаз – ақылдың тозбайтұғын асылы. Қасиетті мамандық иелерінің ішіндегі жауһары. Өзге мамандық атаулылары өздерінің түр-сипатын мың құбылтып жатса да, еш өзгеріссіз сол бәз баяғы қалпында жас ұрпаққа адамгершілік қасиеттердің дәнін еккен диқаншы.

Ойымды қорытындылай келе, Ұстаз есімі – ұлы есім! Өз уақытын аямайтын, өзгенің бақытын аялайтын ұстаздық кәсіп- өте қарапайым болып көрінгенмен, баламен баладай тіл табыса білетін мінезді, қайсарлықты, қажырлы еңбекті, жүректілікті, шығармашыл да теориялық жағынан білімді, ізденгіштікті талап ететін және қазіргі заманның тілімен айтсақ қағазбастылыққа шыдай білетін жанның ісі.



ФИЗИКА САБАҚТАРЫНДА ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Сапакова Алмаш Сериковна
Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы
«А.Тихоненко атындағы жалпы орта білім
беретін мектебі» КММ
Физика пәні мұғалімі, педагог- сарапшы

Қазіргі қоғамның дамуы жан-жақты интеллектуалды тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Қазіргі заманғы маман сауатты болуы керек, бірақ сонымен қатар қазіргі заманғы ұйымдар өз қызметкерлеріне белсенділік, бастамашылық, қарым-қатынас сияқты жеке қасиеттерді ұсынады. Жоба әдісі және оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары мұғалімдерге осы қиын міндеттерді шешуге көмектеседі, өйткені олар тұлғаға бағытталған технологияларға жатады, проблемалық оқыту мен жүйелік – белсенділік тәсілін қамтамасыз етеді. Бұл әдістер Тәуелсіздік пен іс-әрекет еркіндігін қамтамасыз етеді, білім алушыларға өздерінің шығармашылық идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Тәжірибенің өзектілігі.

Физика оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, олардың дүниетанымы мен сенімдерін қалыптастырады. Оқытудың бұл негізгі мақсатына оқу процесінде білімге деген қызығушылық пайда болған кезде ғана қол жеткізуге болады. Осыны ескере отырып, мен келесі мақсаттар мен міндеттерді қойдым:

Теориялық тұрғыдан өз жұмысының тәжірибесін негіздеу және жүйелеу: «Физика сабақтарында жобалау және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру» .

- Пәнге қызығушылықты дамыту және қоршаған шындықты білудің берік тәуелсіз шығармашылық дағдыларын қалыптастыру тұрғысынан оқыту құралдарын пайдаланудың тиімділігін талдау.

- Өзін-өзі құру, өзін-өзі бағалау, шындықты өз бетінше білу, қызығушылықты,

белсенділікті дамыту сезімдерін тәрбиелеу.

- Оқушыларды пәнге ынталандыру тәсілдерін қолдану.

Сіз әртүрлі типтегі сабақтарда және материалдың әр түрлі мазмұнында, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен құралдарында танымдық белсенділікті белсендіре аласыз. Тәжірибенің жетекші идеясы.

Мектептегі өзіндік тәжірибесі көрсеткендей, соңғы жылдары оқушылардың іргелі ғылымдарға, атап айтқанда физикаға деген қызығушылығы айтарлықтай төмендеді. Бұл жағдай мектепте іргелі білім алуға да әсер етті. Оқушылардың физикаға, математикаға деген қызығушылығы төмендеді, сонымен бірге балалардың информатикаға, компьютерлерге, интернетке деген қызығушылығы артып келеді. Бұл жағдай оқу процесінде тепе-теңдіктің бұзылуына және ойлаудың белгілі бір түрінің тар үстемдігіне әкеледі. Осыған сүйене отырып, мен өз сабақтарымда барлығына физиканы үйретуге тырыспаймын. Жасөспірімді өз бетінше, шығармашылықпен, тиісті іздеу, проблемалық, зерттеу тапсырмалары жүйесі арқылы ойлауға үйрету әлдеқайда маңызды. Бұл жобаларды жүзеге асыруға ықпал ететін жобалау және зерттеу қызметі.

Тәжірибенің жаңалығы.

Мен оқытудағы тұлғаға бағытталған тәсілдің жақтаушысымын. Бұл тәсілді отандық және шетелдік педагогтар бірнеше рет сипаттағандықтан, мен тәжірибені дайындау барысында жасалған жұмыстарды әдістемелік тақырыптың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес өз мектебімнің жағдайына бейімдедім. Сондай-ақ, менің тәжірибемнің жаңалығы тақырыптар бойынша сабақтар жүйесін құруда, оқу жобалары мен зерттеулерге арналған тақырыптар тізімін жасауда, әртүрлі конкурстарда жоғары бағаланған жобалардың мысалдарында көрінеді.

Жобалық қызмет.

«Жоба» сөзінің мағынасы-алға ұмтылу. Бүгінгі таңда бұл сөз өмірдің барлық салаларында жиі қолданылады. Өмірдің әртүрлі салаларында жобалар конкурстары өткізіледі. Жоба әдісі өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуда кеңінен қолданылады. Жобалық қызмет білім алушыларға дербестік пен іс-әрекет еркіндігін қамтамасыз етеді, өзінің шығармашылық ойларын іске асыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, 7-сыныпта «Байланыс ыдыстары» тақырыбын оқығанда, мен «Балықшы ауланған балықты тірі қалдыру үшін қайығында жақсартулар жасады: ол қайықтың бір бөлігін бөліп, екі тік бөлімді орналастырды, ал қоршалған бөлігінде түбінде тесік жасады. Қайықты суға батырып, суға батып кете ме? «ол өзінің жетілдірілуін сынамас бұрын ойлады». Сіз қалай ойлайсыз? Бұл сұрақ оқу жобасын жазуға себеп болды. Содан кейін жоба қатысушыларының жеке немесе топтық жобалық міндеттері бойынша өзіндік жұмысы жүреді. Бұл кезең алынған деректерді топтарда аралық талқылауды қамтуы мүмкін.

Зерттеу қызметі.

Зерттеудің ерекше ерекшелігі, жобалаудан айырмашылығы, зерттеу жоспарланған объектіні, модельді немесе прототипті құруды қамтымайды. Жобаның нәтижесі әрдайым алдын-ала белгілі, ал зерттеу нәтижесі белгісіз.

Зерттеу және жобалау қызметінің жалпы сипаттамаларына мыналар жатады:

- мақсат қою, шешілуі керек міндеттерді қою,
- мақсатқа сәйкес келетін құралдар мен әдістерді таңдау,
- жоспарлау, жұмыстың реттілігі мен мерзімдерін анықтау,
- жобалық жұмыстарды немесе зерттеулерді өздері жүргізу,
- жоба жоспарына немесе зерттеу мақсаттарына сәйкес жұмыс нәтижелерін

ресімдеу,

- нәтижелерді ұсыну.

Оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметі - бұл ақпаратты алуға, өңдеуге, сақтауға, пайдалануға және беруге бағытталған іс-шаралар.

А) Мен зертханалық жұмыстарды стандартты емес жолмен жүргіземін.

Жеке және топтарда жүргізілетін зерттеу зертханалық жұмыстары келесі жоспар бойынша жүргізілуі мүмкін:

1. Мұғалім зертханалық жұмыс жүргізіліп жатқан мәселені хабарлайды.

2. Білім оқушыларға берілмейді. Оқушылар оларды зерттеу барысында өз бетінше алады. Нәтижелерге қол жеткізу құралдарын оқушылар өздері таңдайды, яғни белсенді зерттеушілерге айналады.

3. Мұғалім зерттеу процесін басқарады.

Мысалы, 7-сыныпта мен сырғанау үйкеліс коэффициентін анықтау үшін зертханалық жұмыс жасаймын. Бұл жұмысты орындау кезінде оқушылардың өздері практикалық дағдылар мен дағдылардың қалыптасуына сәйкес деңгейді таңдайды.

I деңгейдегі зертханалық жұмысқа еске салу карточкалары (практикалық дағдылар мен дағдыларды қалыптастыру деңгейі төмен оқушылар үшін).

1) жұмыс жоспары дәптерінде безендіріңіз:

1. Кесте түрінде жұмыс барысы.

№	F, (H)	F тр, (H)	$\mu = F_{тр}/F$	$M_{ср} = (\mu_1 + \mu_2 + \mu_3)/3$

а) динамометрдің көмегімен жолақтың салмағын табыңыз (суретті қараңыз)

б) үйкеліс күшін табыңыз, ағаш сызғыш бойымен динамометр көмегімен штанганы біркелкі жылжытыңыз (суретті қараңыз)

в) 100 г жүктер жиынтығының көмегімен жолақтың массасын өзгерте отырып, 3 рет тәжірибе жасаңыз.

г) Әр тәжірибе үшін үйкеліс коэффициентін тауып, орташа мәнді тауып, кестемен салыстырыңыз.

д) үйкеліс коэффициенті туралы қорытынды жасаңыз.

II деңгейдегі зертханалық жұмыстарға еске салу карточкалары

(Дағдылар мен дағдыларды қалыптастырудың орташа деңгейі бар оқушылар үшін).

1. Дәптерде белгілі жоспар бойынша жұмыс істейді:

1) атауы.

2) мақсат.

3) аспаптар.

Қазіргі кезеңдегі проблемалардың бірі оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, оқуға, білім алуға деген құмарлықтарын арттыру. Логикалық жаттығуларды орындау баланың ақыл-ойын, қиялын, ой ұшқырлығын дамытады. Бұл оқушылардың түрлі мазмұндағы есептерді шығаруда, есептің шартын құра білуге жетелейді. Математиканы оқытудың әрбір кезеңінде оқушылардың бағдарламалық материалды оқып үйренуі олардың алдыңғы сыныпта оқып үйренгенде қабылдаған терең де берік білімдеріне, іскерліктеріне және дағдыларына, сонымен бірге, математиканы оқытудағы қызығушылығын дамытуға да байланысты болады. Мұғалімнің негізгі мақсаты – логикалық ойлауды қалыптастыру арқылы оқушыны өздігінен оқытуға үйрету. Ол үшін оқушы білім негіздерін мұғалімнің басшылығымен іздестіре отырып, өздері жаңадан жаңалық ашулары керек. Оқу үдерісі осылай ұйымдастырылған жағдайда оқушылардың логикалық ойлау қабілеті кеңейіп, оқушылардың сабаққа деген ынтасы артады.

Оқушының есепті шығару шеберлігі арқылы, оның математикалық ойлау жүйесінің дамуын және оның іс-әрекетінің белгілі бір сапасын анықтауға болады. Оның логикалық ойлау жүйесі, арнаулы саладағы терең білімінің, практикалық тәжірибелі іске деген ынтаның негізінде дамиды. Дамытудың маңызды шарты табандылығы мен инициативасы болып табылады.

Оқушының математикалық ойлау қабілеті дамуы үшін түрлі тапсырмаларды орындауы тиіс:

- 1) Өз бетінше есеп шығарудың сан қилы жолын іздестіру.
- 2) Пәнге қызығып, оған көңіл қойып тереңдете оқып үйрену.
- 3) Сабақ барысында қолданылатын ойындарға, математикалық сайыстарға, жарыстарға, интеллектуалды ойындарға қатысу [4, 52].

Сынып оқушылары бірдей емес. Олардың ішінде математиканы сүйіп оқитын, оған деген ынтасы зор оқушылар да бар. Оларды жеңіл, бірыңғай жаттығулар орындау жалықтырады. Сондықтан белгілі бір ережені меңгеретін жаттығуларды орындағанда оларға қиынырақ тапсырмалар, міндетті емес тапсырмалар берілуі қажет.

Логикалық жаттығуларды орындау баланың ақыл- ойын, қиялын, ой ұшқырлығын дамытады. Бұл оқушының түрлі мазмұнды есептерді шығаруда, есептің шартын құра білуге қалыптастырады. Бір есептің бірнеше шешімдерін табуға жетелейді. Әрбір сабақ қызықты есептермен аяқталып, логикалық есептер оқушылардың жас ерекшелігіне қарай күрделене түсуі қажет. Оқулықтағы шығармашылық жаттығулар оқушылардан тек қана математикалық білімін емес, күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі жағдайға байланысты білімді талап ететін тапсырмалар. Бұлар негізінен оқушылардың байқағыштығын, ойлауын, қиялын дамытуға негізделген.

Қорытындылай келе, осылайша, оқушылардың математикалық ойлау жүйесін дамытуда олардан:

- білімдерін игеру арқылы мүмкіндігін шыңдап, өз биігіне көтеретін;
- табиғи қабілеттері мен дарындылық қасиеттері ашылған;
- өздігімен танып, ізденіп, іс-әрекет жасайтын;
- өз бетімен білім алып, дами алатын жеке тұлғаны қалыптастыруымызға болады [5, 173].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Жарықбаева Қ. Психология. – Алматы, 2002. – 415 бет.
2. Ильина Т.А. Педагогика. – Алматы, 1977 – 454 бет.
3. Қазақстан Республикасы бастауыш білімінің мемлекеттік стандарты. – Алматы, 2010. - 135 бет.
4. Қосанов Б.М. Математика курсындағы шығармашылық жаттығулар: орындау технологиясы. – Алматы, 2005. - 72 бет.
5. Ерешова К., Ыдырысова Ш., Әбеннова Г. Логика әлемі. 2 сынып. Алматы «Өлке» 2010. – 256 б.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҚАЗАҚ ТІЛІН ДАМЫТА ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Ныгметжанова Гүльнара Маратовна, Сырбай Мәуленов атындағы
№37 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі, педагог-шебер**

Аннотация: Қазақ тілін дамыту әрі тереңдете оқытудың қазіргі таңда маңызы орасан зор. Ал осы мәселені бастауыш сыныптан бастап қолға алса, болашақта қазақ тілін жетік меңгерген мамандар шығады. Мақалада бастауыш сыныпта қазақ тілін дамыта оқытудың тиімді жақтары қарастырылған. Мемлекеттік тілді оқытудың маңызы сараланған.

Кілт сөздер: бастауыш, қазақ тілі, дамыта оқыту, оқушы, білім.

Бастауыш мектеп – оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезең. Соңдықтан бастауыш білім – үздіксіз білім берудің алғашқы баспалдағы, қиын да жауапты іс. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

Қазіргі заманның талабына сай болу және жаңа формация мектебінде жұмыс істеп жүрген педагогтардың алдында тұрған пробеламаларды шешу негізгі мақсат болып табылады. Олар:

- Баланы оқи білуге үйрету;
- Баланы ойлауға үйрету;
- Баланың өзін-өзі тұлға ретінде дамуына жағдай жасау деп 3 мақсатқа негіздеп, жіктеген [1, 53].

Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Дамыта оқыту – білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдердің бірі.

Дамыта оқыту дегеніміз – түсіндірмелі және иллюстрациялық әдісті (типті) алмастыратын оқытудың жаңа, белсенді әдісі.

Оқу – адамның психикалық дамуының формасы, элементі. Кез келген оқыту белгілі бір мөлшерде адамды дамытады. «Даму» ұғымы сөздікте «мөлшерлік өзгерістердің белгілі

бір өлшем шегінен шығып, сапалық өзгерістерге айналуы, - деп түсіндіріледі. «Даму» ұғымының психологиялық анықтамасы – жаңарту процесі жаңаның өмірге келуі, ескінің жоғалуы деген мағынаны білдіреді. Оқыту мен дамытудың арасында тығыз байланыс бар екенін психология ғылымы жеткілікті дәрежеде дәлелдеп берді деп айтуға болады. Бұл мәселені түбегейлі зерттеп, бала дамуындағы оқытудың рөлін, алар орнын анықтаған көрнекті психолог Л.С.Выгодский.

И.Я.Лернер «Даму» деген ұғымды педагогикалық заңдылықтарға негіздей отырып, адамның әртүрлі қиындықтарындағы мәселелерді шеше білуге дайындығы деп түсіндіреді.

Л.В.Занков ақыл-ой қызметінің төмендегідей көрсеткіштері дамуды іске асырады деп есептейді. Олар байқампаздық, өз ойын еркін жеткізу білу, практикалық іс-әрекетті атқара білу. В.В.Давыдов ақыл-ойдың дамуының көрсеткіші ретінде жинақтай, қорытындылай алу дағдысын есептейді.

1. Бала дамуының жақын аймағы – баланың тек үлкендердің көмегі арқылы атқара алатын істері.

2. Бала дамуының қол жеткен аймағы – баланың үлкендердің көмегінсіз істей алатын істері [2, 76].

Мектеп оқушыларын танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білім мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдері қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады. Оқушының дамуы мен шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйретеін сабақтарды дамыта оқыту сабақтары деп білеміз.

Мысалы, дамыта оқытудың стратегияларының бірі – «Ой шақыру» әдісін алып, қазақ тілі сабағында қолдануға болады.

1-тапсырма. Оқушыларға «Балқарағай, омарташы, қанағат, ұсынылатын» сөздеріндегі әріптерді пайдаланып, сөздер құрау тапсырылады. Үлгі: «Балқарағай» сөзіндегі әріптерді пайдаланып, сөздер құрау (Бал, қарағай, қара, бала, ағай, ара, ай, қар, балға, Арай, қарға, лақ, арал...).

Бастауыш сыныпта оқушылардың ойлау қабілетін жан-жақты дамытатын тапсырмалар бар. Мысалы, «Зат есім» тақырыбын өткенде мынандай ой қозғаушы жаттығуларды орындатқан тиімді.

2-тапсырма. «М»-дан басталатын сегіз сөз. Ол сөздер төмендегі заттардың атауы болсын:

1. Сұйық зат: , , , , ,
2. Зат немесе құбылыс атауы: , , , , ,
3. Дақыл атауы: , , , , ,
4. Жеміс аты: , , , , ,
5. Жануардың аты: , , , , ,
6. Өсімдік атауы: , , , , ,
7. Адам аты: , , , , ,

Осылайша сапалы білім беруге бағытталған дамыта оқыту технологиясы – оқушының ақыл-ойын дамытуға арналған теориялық әдістерді қолдана отырып, бағдарланған оқыту жүйесі.

Оқушылардың қазақ тілі бағдарламасына сай оқытылатын оқу материалдарын белсенді, өзінің іңденімпаз күш-қабілетін іске қоса отыры менгеруін ұйымдастыру – ақыл-ой қызметінің біртіндеп өз бетімен шешім табуға дағдылануын қалыптастыратын тиімді жол.

Бастауыш білім беру деңгейінде қолданылатын оқыту технологиялары төмендегі негізгі талаптарға сәйкес болуы керек.

- Оқу үрдісінде білім алушылардың өздерін еркін сезінуіне жағдай туғызу;
- Оқушылардың оқуға деген қызығушылықтарын дамыту, күтілетін нәтижелерге жетуге талаптандыру;
- Жеке бас дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдерді қолдану;
- Өз бетімен жұмыс істеп, шешім қабылдауға мүмкіндіктер туғызу талаптарына жіктелінген.

Дамыта оқыту оқушылардың ізденгіштік-зерттеушілік іс-әрекеттеріне тән. Оған тән сипаттар:

- Оқушының алдына ізденуді жүзеге асыру қажеттілігін тудыру керек;
- Іс-әрекеттің бастапқы кезеңі – оқушылардың алдына олардың әрекет жағдайын жаңаша талдап, оны жаңаша түсінуді талап ететін оқу міндеттерін қою [3, 126].

Осы міндеттерді шешуді, яғни іздену іс-әрекеттерін ұйымдастыру, мұнда үлгі көрсетуге болмайды. Сондықтан мұғалім оқушыларды іздену іс-әрекетіне тартуы қажет. Ол үшін екі шартты орындау керек.

1) Мұғалім өзара ізденуге басқарушы болмай, шын мәнінде қатынасушы болу керек.

2) Ол оқушылар жүргізіліп жатқан ізденуді шын мәнінде жүзеге асыру керек, оларға дұрыс шешім көрсету керек.

3) Оқу міндеті шешілгеннен кейін мұғалім табылған шешімнің бағасын ұйымдастырып оның басқа міндеттерді шешу үшін қаншалықты пайдалануға болатынын түсіндіреді [4, 157].

Дамыта оқытуда мұғалімнің басты міндеті.

Оқу материалдарын оқушыға дайын күйінде көрсету мүмкін емес. Оқушымен бірлесіп, жалпы іс-әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойған міндеттерді түсіндіру, оларды шешудің тәсілдерін, жолдарын іздестіру арқылы өз іс-тәжірибесінде қалай қолданады?

1) Оқу әрекетін қалыптастыру, айналадағы дүниемен белсенді әрекеттестік, этикалық, эстетикалық қарым-қатынасқа дайындау, дара тұлғалық адамгершілік нормаларын меңгерту;

2) Оқу барысында баланың бойындағы дамытуды қалыптастыруды дағдыға айналдыру;

3) Оқу мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу;

4) Сөздік қоры мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу;

5) Оқушының сезіміне әсер етіп, логикалық ойын дамыту;

6) Жалпы оқушының жан дүниесін дамыту [5, 241].

Демек, дамыта оқытуда – оқушы өз іс-әрекетін өзі құруға, өзін-өзі дамытуға, білімді өз бетімен меңгеруге, өз ойын еркін айтуға, дәлелдеуге, шешімнің дұрыс-бұрыстығын қабылдауға, өз бетімен іздену жұмыстарын жүргізуге, өзін-өзі бағалауға үйретіледі.

Қорыта келгенде, дамыта оқытуда ойлау қабілеттерін бағыттау, ойлануға жетелеу, ойға берілу, сабаққа ынтасын, қызығушылығын арттырады. Оқушыны алдына қойған мақсатқа жетелейді, жауапкершілігін жетілдіреді. Дамыта оқыту арқылы оқушылардың өзіндік танымын жетілдірсек, тек ақылды емес, сонымен қатар өз іс-әрекетін сараптап, жан жүрегімен сезіне алатын білімді ұрпақ тәрбиелей аламыз деген сенімдеміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Кәсіби қазақ тілі: оқу құралы / Р. Ж. Абнасырова П. Б. Әжиева; Сүлейман Демирель атын. ун-т... – Алматы: 2021. – 83 б.

2. Адамзаттың Ана тілі: [монография] / Қ. Салғараұлы. – Нұр-Сұлтан [Астана]: 2020. – 160 б.

3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі [Мәтін] / Б. Қ. Қалиев- Алматы : Керемет медиа , 2023.– 3000 дана. 2-том .– 494 б.

4. Күзекова, З.С. Қазақ тілінің функционалды практикалық грамматикасы: оқу құралы.- Астана: Фолиант, 2015.- 180 б.

5. Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл. – 324 б.

ТЕАТРАЛИЗОВАННАЯ ИГРА КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ ВЫРАЗИТЕЛЬНОСТИ РЕЧИ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Кротова Анастасия Леонидовна
КГУ «Дворец школьников отдела образования города Тараз
управления образования акимата Жамбылской области»

Аннотация: в данной статье рассматривается проблема выразительности речи у детей. Особое внимание уделено театрализованной деятельности. Статья посвящена анализу использования театрализованной игры в развитии выразительности речи у детей дошкольного возраста.

Ключевые слова: речь, дошкольник, театр, игра.

Аннотация: бұл мақалада балалардағы сөйлеу мәнерлілігі мәселесі қарастырылады. Театрландырылған іс-шараларға ерекше назар аударылады. Мақала мектеп жасының дейінгі балаларда сөйлеу мәнерлілігін дамытуда театрландырылған ойынның қолданылуын талдауға арналған.

Түйінді сөздер: сөйлеу, метеп жасына дейінгі бала, театр, ойын.

Развитие речи - это одно из важных приобретений ребенка в дошкольном возрасте и рассматривается в современном дошкольном воспитании как одна из главных проблем.

Внимание к выразительной стороне речи формирует способность выражать в интонации, в тоне, в жесте, в мимике, темпе речи переживания, отношение к событию, побуждение к действию; способствует более точному, внушительному выражению своих мыслей и чувств. Овладев теми или иными средствами выразительности, ребенок учится слышать различные оттенки их и в речи других людей, он начинает лучше понимать своего собеседника, а также приобретает способность понимать формы выразительности речи в процессе восприятия поведения людей. Обучение выразительности речи готовит детей дошкольного возраста к восприятию стиля художественных произведений, лучше оценивать произведения, созданные мастерами слова.

Однако, в настоящее время в средствах массовой информации, интернете, в речи взрослых отмечается увеличение объема лексики со сниженной эмоционально-экспрессивной окраской, употреблении слов, находящихся за пределами литературного языка, в невыразительности интонации и др. Ребенок не сможет овладеть красивой и правильной речью без специальной планомерной работы со взрослыми.

Театрализованная игра является эффективным средством развития выразительности речи, поскольку она раскрывает перед ребенком красоту и богатство русского языка, обогащает тем самым детскую речь. Можно рассматривать театрализованные игры оптимальным содержанием художественно-речевой и игровой деятельности.

Цель: теоретически обосновать и практически доказать возможности влияния театрализованной игры на развитие выразительности речи детей дошкольного возраста.

В соответствии с целью, были сформулированы следующие задачи.

1. Раскрыть сущность понятия «выразительность речи» в научной литературе.
2. Рассмотреть театрализованную игру как средство развития выразительности речи детей дошкольного возраста.
3. Доказать возможности театрализованной игры во всестороннем развитии детей старшего дошкольного возраста.

Использовались следующие методы исследования: метод изучения психолого-педагогической литературы по проблеме; метод систематизации и классификации; метод упражнений, анализ полученных результатов, выводы.

Методологической основой являются теоретические взгляды таких известных

педагогов как: Т.Н. Доронова, С.Н. Томчикова, Е.М. Гаспарова, С.Л. Новоселова, К.С. Станиславский.

И так в исследовательской части в первую очередь хотелось бы рассмотреть понятия «выразительность» речи в научной литературе.

Для раскрытия сущности понятия «выразительности» речи мы обратимся к различным словарям. Так, в Толковом словаре С.И. Ожегова слово «выразительный» обозначает «хорошо выражающий что-нибудь, яркий по своим свойствам, внешнему виду».

В Толковом словаре Д.В. Дмитриева выразительным называют то, что хорошо и ярко отражает мысли и чувства человека.

В новом словаре Т.Ф. Ефремовой выразительный обозначат: живо, непосредственно отражающий внутреннее состояние человека, его чувства, настроение и т.п.

Таким образом «выразительность» обозначает хорошо и ярко отражение мысли и чувства человека, непосредственно отражающие внутренние состояния человека, его чувства и настроения.

В возрасте пяти-семи лет детская речь становится менее эмоциональной и экспрессивной по сравнению с детьми трех-четырех лет, более осмысленной, сдержанной и регламентированной. По мнению Л.С. Выготского, причина такого явления заключается в том, что период дошкольного возраста характеризуется «интеллектуализацией аффекта», когда прежние средства выразительности уже не могут отражать глубину содержания речи и переживаемых детьми чувств, а новые выразительные средства еще не освоены дошкольниками. В этом возрасте у многих детей наблюдается интерес к выразительным средствам речи и литературного языка.

Для развития выразительной стороны речи необходимо создание таких условий, в которых каждый ребенок мог бы проявить свои эмоции, чувства, желания и взгляды, причем не только в обычном разговоре, но и публично, не стесняясь присутствия посторонних слушателей. К этому важно приучить еще в раннем детстве, поскольку нередко бывает, что люди с богатым духовным содержанием, с выразительной речью оказываются замкнутыми, стеснительными, избегают публичных выступлений, теряются в присутствии незнакомых лиц.

Привычку к выразительной речи можно воспитать в человеке только путем привлечения его с малолетства к выступлениям перед аудиторией. В этом огромную помощь могут оказать театрализованные занятия в дошкольных образовательных учреждениях.

Место театрализованной игры дошкольников в развитии выразительной речи во многом объясняется тем, что литературная деятельность детей в играх- драматизациях и режиссерских играх подчиняется драматургическим законам – она выступает в виде диалогов или монологов от лица персонажей, иногда перемежаясь словесными пояснениями как бы слов от автора.

В связи с этим в процессе театрализованной игры у дошкольников улучшается диалогическая речь, так как новая роль (особенно диалог персонажей) ставит дошкольника перед необходимостью изъясняться ясно, четко и понятно. Речевые действия исполнителей ролей при этом становятся выразительными, интонационно разнообразными, эмоционально окрашенными.

В ходе практической работы была подготовлена развивающая среда для проведения театрализованных занятий и упражнений (изготовление атрибутов, декораций, элементов костюмов, подбор музыкального сопровождения и др.);

Основные условия успешного формирования выразительности речи у дошкольников, это:

- учитывать индивидуальные психолого-педагогические особенности;
- применять при проведении театрализованных игр эффективные способы формирования выразительности речи;
- организовывать активное участие родителей в процессе формирования выразительности речи.

Особенности эмоционально-личностного развития каждого дошкольника, его

интересов, склонностей, предпочтений и потребностей. В целях реализации данной формы работы в предметно-развивающей среде инвентарь и атрибуты к театрализованной деятельности располагались таким образом, что каждый ребенок имел доступ к ним. Так обеспечивалась свобода выбора. В зону театрализации поместили различного вида театры (пальчиковый, настольный, «Би-ба-бо», марионеточный и др.), а также там хранились продукты практической деятельности детей, которые впоследствии использовались им в постановках (фигурки животных из глины и пластилина, рисунки, поделки из бумаги, картона и природного материала). Данный материал периодически обновлялся, пополнялся, что ориентировало детей на создание новых постановок, придумывание новых сюжетов и т.д.

В процессе обучения дошкольников средствам речевой выразительности рекомендуем использовать знакомые и всем любимые сказки («Теремок», «Рукавичка», «Дюймовочка», «Гадкий утенок», «Волк и семеро козлят» и т.д.) Использование знакомых сказок даёт возможность концентрировать внимание ребенка не на сюжетной линии, а на конкретных речевых оборотах, познакомить с богатством языка и выразительных средств в нем.

Вначале фрагменты сказок использовали как небольшие упражнения. Например, детям было предложено попроситься под грибок (по сказке В.Г. Сутеева «Под грибом») как воробей или заяц.

Вторым этапом было разыгрывание диалога (монолог) героев. Например, дети разыгрывали диалог ласточки и Дюймовочки, монолог гадкого утенка с самим собой и т.д. в процессе этой работы дошкольники учились непринужденно перевоплощаться в образ героя, передавать в голосе и жестах характер героя, при этом воспитатель их практически не контролировал, детям предоставлялось больше свободы в действиях и фразах. Главной целью было то, чтобы дети-зрители могли угадать героев и сказку.

Третий этап состоял в постановке (драматизации) одной из сказок (на выбор детей). При этом дети принимали участие во всем действии создания спектакля от начала (подготовка декораций и костюмов) до репетиций самого спектакля.

В заключении хочется отметить, что систематически организованные театрализованные игры повысили эмоциональный фон в группе. Близко не контактирующие ранее дети, начали общаться и дружить. Появился интерес к художественной литературе. Дети объясняют это тем, что им необходимы новые идеи для постановок.

Использование стихотворных форм в пальчиковых гимнастике, потешках, песенках и другом улучшили память, мышление, воображение. Дети научились менять темп речи, силу голоса, стали проявлять способность правильно выбирать и пользоваться различными интонационными средствами.

Исходя из полученных результатов, можно сделать вывод, что развитию выразительности речи у старших дошкольников способствовала проделанная работа, которая помогла улучшить первоначальный результат. Театрализованная игра с применением эпитетов, образных сравнений, диалогов, монологов, имитированием жестов людей, движений животных, сочинением сказок с интересными сюжетами способствовала развитию выразительности речи.

Перечень используемых источников

1. Антипина Е.А Театрализованная деятельность в детском саду: игры, упражнения, сценарии – М.: ТЦ Сфера, 2006. – 125 с. Антипина, Елена Анатольевна - Театрализованные представления в детском саду [Текст] : сценарии с нотным приложением - Search RSL
2. Артемова Л.В. Театрализованные игры дошкольников. – М.: Просвещение, 1991. – 198 с.
3. Артемова Л.В. Театрализованные игры дошкольников. (edumsko.ru)
4. Бородич А.М. Методика формирования речи детей. – М.: 2001.
5. Вечканова И.Г. Театрализованные игры в реабилитации дошкольников с интеллектуальной недостаточностью. – СПб.: КАРО, 2006. – 156 с.
6. Воображение и творчество в детском возрасте - Выготский Л.С. - 1991 (djvu.online)
7. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. – М., 1991. – 216 с.

ЛЕКСИЧЕСКИЕ СРЕДСТВА ВЫРАЖЕНИЯ КОНЦЕПТА «ПРИРОДА», «NATURE» В ПОЭЗИИ ОЛЖАСА СУЛЕЙМЕНОВА И ЛУИЗЫ ГЛЮК

Левит Татьяна Борисовна, Левит Татьяна Алексеевна,
учитель русского языка и литературы, учитель иностранного языка
(английский) ОШ имени Абая, Костанайской области, Федоровского
района, село Федоровка

Аннотация. Целью данной статьи: выявить особенности функционирования лексических средств выражения концепта «природа», «nature» в поэзии О. Сулейменова и Л. Глюк.

В последнее время в области лексикологии и культурологии уделяется большое внимание словам-концептам. Стремительные процессы глобализации общества, являющиеся результатом многостороннего сотрудничества разных народов, оказывают сегодня влияние практически на все сферы деятельности человека. Международная коммуникация в современном мире требует от человека знания и понимания сходств и различия собственной культуры и культуры изучаемого мира. Диалог культур возможен при условии знания и умения анализировать собственную культуру.

Аннотация. Бұл мақаланың мақсаты – О.Сүлейменов пен Л.Глюк поэзиясындағы «табиғат» ұғымын білдіретін лексикалық құралдардың қызмет ету ерекшеліктерін анықтау.

Соңғы кездері лексикология және мәдениеттану саласында концепт сөздерге көп көңіл бөлінуде. Әртүрлі халықтардың көпжақты ынтымақтастығы нәтижесі болып табылатын қоғамның жедел жаһандану процестері бүгінде адам қызметінің барлық дерлік салаларына әсер етуде. Қазіргі әлемдегі халықаралық коммуникация адамнан өз мәдениетінің және зерттелетін дүние мәдениетінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын білуді және түсінуді талап етеді. Мәдениеттер диалогы өз мәдениетін білуге және талдауға қабілетті болған жағдайда мүмкін болады.

Ключевые слова: концепт, лексические выражения, языковая картина мира, диалог культур, национальный колорит, природа.

«Все наши взаимоотношения с окружающим миром отражают наше отношение к самому себе», - пишет о своём творчестве Луиза Глюк.

Следует также отметить, что концепт «nature» / «природа» как в русском, так и в английском языке имеет большое количество средств вербализации.

Стремительные процессы глобализации общества, являющиеся результатом многостороннего сотрудничества разных народов, оказывают сегодня влияние практически на все сферы деятельности человека. Диалог культур возможен при условии знания и умения анализировать собственную культуру.

Язык – феномен культуры. Именно в языке находит свое отражение культура, и через него она передается от поколения к поколению. Поиски единицы межкультурной коммуникации за последние десятилетия привели к утверждению теории концепта. Осмысление культуры общности, сопоставление своей и чужой культуры должно привести к установлению взаимодействия между картинами мира различных культур.

Концепт «природа» один из значимых как в русской, так и в английской языковых картинах мира, является как бы связующим звеном между человеком и окружающим его миром, его следует рассматривать именно через призму этой связи. Предметный и логический слой этого концепта традиционно выражается прежде всего словом и словосочетанием, обозначающими растительный и животный мир, рельеф, климат, природные явления и стихии.

Языковой картины мира и ее основной конструкт – концепта обусловлена тем, что в современной лингвистике переосмысливается роль языка в реальном процессе культуросозидания.

К «ключевым» концептам любого языка относится концепт «природа», «nature».

Функционирование данного концепта в языковой картине мира отражает дуалистичность природы человека. Именно концепт «природа», «nature» в наибольшей мере выражает антропоцентризм языка.

В ходе исследования применялись методы: описательный при описании концептов, сопоставительный при сопоставлении слов-концептов двух языковых культур, метод тезаурусного описания слов-концептов народной культуры.

Область науки, изучающая концепты, получила название лингвокультурологии. Одним из наиболее важных понятий для данной науки является понятие «концепт», так как с помощью данного понятия может быть представлена культурная информация. Он активно употребляется с начала 90 – х годов.

Лексические средства языковой выразительности – тропы. Данный выбор лексических выражений обуславливается тем, что именно тропы создают выразительность текста, помогают автору проявить свою индивидуальность, формируют его стиль, видение окружающей действительности. В нашем понимании, тропы – это образные средства языка, основанные на переносе. Это эпитеты, метафоры, метонимии, сравнения, олицетворения.

В практической части, основным является метод тезаурусного описания слова-концепта «природа», «nature», это позволило определить как сходства, так и различия данного концепта. Метод состоит из 6 этапов. Во-первых, этимология: В русском языке слово «природа» происходит от греч. *physis*, от *phyein* – возникнуть, быть рожденным;

В английском языке – от старофранцузского *nature*, «природа; характер, сущность». И латинскому *natura*, «ход вещей; качество; вселенная». Данная этимология имеет эквиваленты в статьях Ожегова, Ушакова, Даль, Евгеньевой.

Следует отметить, что в тезаурусе Роже отсутствует статья «nature», однако само слово присутствует в статьях «world» и «mankind» (в последнем случае в сочетании с *human nature*). Данный факт и анализ приведенных выше словарных статей позволяют утверждать, что концепт «nature»/«природа» является как бы связующим звеном между человеком и окружающим его миром, его следует рассматривать именно через призму этой связи. Следует также отметить, что концепт «nature»/«природа» как в русском, так и в английском языке имеет большое количество средств вербализации.

Ценностная значимость исследуемого концепта, признаётся очень высокой, природа в значении «мир» и «совокупность естественных условий», можно отыскать огромное количество объектов. Приведем небольшой список этих объектов для русского языка (все примеры имеют эквиваленты и в английском языке):

- небесные светила: луна, солнце, звёзды;
- воздух и воздушные явления: кислород, ветер;
- вода и водные явления: ручей, река, море;
- животный мир: зверь, животное;
- земля: гора, пыль, камень, почва;
- циклические явления (смена времён года, дня и ночи);
- свойства, связанные с субъективным восприятием: тепло, холод, свежесть, зелень, живописность.

Данные примеры могут употребляться самостоятельными концептами, многие из которых (свет, тьма, лето, дождь) занимают важное место в русской и английской языковых картинах мира. В практической части была исследована книга О. Сулейменова «Определение берега» (1979 года издания) на наличие в текстах ЛСВ.

В произведениях О. Сулейменова: образ гор и степи является одним из основных. «Возвысить степи, не унижая горы», – девиз О. Сулейменова, давно ставшее мудрым изречением. Степь для Сулейменова – Родина, любимый край, Степные просторы для автора – это «вспышки в степи

Я поехал бы в штат Небраска, но мне надо спешить на родину, там такой же пейзаж неброский, Я поеду к себе на родину.

Я поеду в адайские прерии, там колючки, жара и морозы, Пыль и кони такие! Прелесть! Я поеду к себе на родину...

О. Сулейменов пишет на русском языке. Его творчество через метафоры, эпитеты

создаёт неповторимые образы своего народа. Его лирика яркой палитрой воспеваает национальную красоту, передаёт неповторимую историю, культуру.

Главной поэтической книгой Луизы Глюк считается сборник «Дикий ирис», за который она в 1993 году получила Пулитцеровскую премию.

Стихи Луизы Глюк соединяют автобиографичность, мифологичность – говоря о себе, поэтесса говорит и от лица мировой культуры. В этом отношении очень показательно, например, стихотворение «Эхо», переведённое на русский язык Ольгой Брагиной.

«Что другие нашли для себя в искусстве, я нашла в природе. Что другие нашли в земной любви, я нашла в природе» – признаётся поэтесса в стихотворении «Октябрь» (перевод Ивана Соколова).

Поэтесса говорит голосом природы: её голос – это горы, деревья, осень и весна. Ярче всего этот подход воплощается в сборнике «Дикий ирис».

Так как исследование проходило на основе разных лингвокультур, то выявилось, что каждая культура раскрывается через национальную природу в произведениях авторов.

Данное исследование позволило выявить сходства и различия ЛСВ концепта «природа», «nature», в данной таблице наглядно можно проследить, что для каждой культуры характерны свой особенный национальный колорит.

Береза у Сулейменова – символ родины, апельсиновое дерево у Глюк – символ любви.

Изучив русскую и американскую лингвокультуры, мы пришли к выводу, что в этих языках присутствует концепт «природа». Но, несмотря на некую схожесть в определении данного понятия в словарях, в каждом культурном сообществе есть свои, присущие в большей степени ему, моральные доминанты, так как у каждой культуры свои национальные особенности: саксауд, карагач – символ Казахстана, Форзиция – символ начала весны и подъема жизненной энергии

Проведенный анализ слова-концепта «природа» в русской, английской языковых картинах мира позволяет сделать такие выводы:

1. На основании изученного исследовательского материала, можно сделать вывод о том, что выбранная тема исследования изучена недостаточно.

2. Во всех языках можно выделить и описать слово-концепт «природа», «nature», в которых проявляются особенности национального языка и культуры.

3. Слово концепт «природа», «nature» имеет свою историю происхождения (этимологию) и этот процесс находится в постоянном развитии.

4. Выделенные примеры лексических средств выражения концепта «природа», «nature» в поэзии О. Сулейменова и Л. Глюк позволили раскрыть многогранность самого концепта.

5. Проведен количественно-качественный анализ слов-концептов «природа», «nature» в поэзии Олжаса Сулейменова и Луизы Глюк.

В заключении хотелось бы сказать, что в результате научно-исследовательской работы было подтверждено, что в поэзии О. Сулейменова и Л. Глюк можно выделить и описать лексические средства выражения концепта «природа», «nature» в поэзии О. Сулейменова и Л. Глюк, чтобы определить особенности национального языка, его культуру.

Несомненно, что исследование слов-концептов разных культур очень значимо для сохранения накопленных традиций, для их более глубокого понимания, плодотворного диалога культур.

Список использованных источников

1. Гумбольдт В. фон. О различии строения человеческих языков и его влияния на духовное развитие человечества // Избранные труды по языкознанию. – М.: Знание, 1986.


2. Арутюнова Н.Д., Степнов Г.В. Русский язык. – М.: Наука, 1979.

3. Маслова В.А. Лингвокультурология – Москва: Изд. Центр «Академия», 2004.

4. Кубрякова Е.С. Языковое сознание и языковая картина мира // Филология и культура. Материалы международной конференции. – Часть 1. – Тамбов, 1999.

5. Джуанышбеков Н.О. Маргинальная поэзия О.Сулейменова. // Проблемы сравнительно-типологического изучения литературы. – Алматы: КазГНУ, 1995.-253 с.

6. Сулейменов О.О. Определение берега. Избранные стихи и поэмы. – Алма-Ата: Жазушы, 1976. – 456 с.



БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУ

Қайырғалиева Нұргүл Социализмқызы
Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы, Ақшат
ауылы «А.Тихоненко атындағы жалпы орта білім
беретін мектебі» КММ Бастауыш сынып мұғалімі,
педагог-сарапшы

«Білім негізі - бастауыш мектепте» дегендей, әр баланың тұлға болып қалыптасудағы алғашқы қадамдары, білімге деген құштарлығы бастауыш сыныптан басталады. Мектеп табалдырығына қадам басқан бүлдіршіндердің жаңа өмірдегі бастамаларына қолдау көрсетіп, бойларында сенімділік отын жағатын, білім нәрімен сусындалатын бірден-бір тұлға - алғашқы ұстазы. Бүгінгі жас бала ертеңгі ел тұтқасы, оларды парасатты, саналы азамат етіп тәрбие беру – әрбір ұстаздың борышы. «Тәрбие мен білім - егіз» демекші, алдына келген оқушыға білім беру мен тәрбиелеу мұғалімнің кәсіби шеберлігімен ұштасады. Негізінде, рухани-адамгершілік тәрбие беру үшін бірінші оқушыларға мұғалім өзі үлгі боларлық тұлға болуы керек. Педагогикалық әдеби өзіне жарасып, сөйлеген сөзі, ісі, қимылы, киім кию стилі балалардың жүрегінен орын алып, ерекше болғаны абзал. Ал, педагогикалық имидж деген - тек мұғалімнің сыртқы келбеті емес, оның мінез - құлқы, оқушылармен қарым-қатынасы, байланысы, олардың алдында мәдениетті сөйлеуі, сөз саптауы және өзін-өзі ұстауы.

Бастауыш сынып білім алушыларын рухани-адамгершілікке баулудың басты мақсаты - өскелең ұрпақтың бойына адами қасиеттерді дарытып, адамгершілігі жоғары, мейірімді, қайырымды, жауапкершілігі мол бір-біріне бауырмал тұлғалар қалыптастыру. Қоршаған ортаға деген қамқорлық, жан-жануарларға мейірімділік сезімдерін ояту - біздің басты мақсатымыз. Әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр Әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» дегендей білімнен бұрын дұрыс тәрбие беру, тәлімді, өнегелі ұрпақты тәрбиелеп шығу да үлкен өнер, дарын деуге болады. Бастауышта берілген әр білім, тәлім - тәрбие балалардың санасынан мәңгі орын алады. Ештеңе жазылмаған ақ парақтай, өмірге құштар, қоршаған ортаны, айналаны әлі танып - біліп үлгермеген оқушыларды тура жолға бағыттау кезеңінде рухани - адамгершілік жағынан берілетін білімнің маңызы зор. Тәрбие бастауын қазақ халқының ауыз әдебиеті жанры түрлерінің көмегімен өрбітуге болады. Нақтырақ айтқанда, тұрмыс - салт жырлары, мақал - мәтелдер, жаңылтпаш, жұмбақ, өлең, ертегі, эпостық, лиро - эпостық жырлар, суырып салма айтыс өнері мен шешендік өнердің керемет үлгілерін көрсету арқылы. Аталған құндылықтардың бәрі сан ғасырлар бойы ата - бабамыздан ұрпаққа асыл мұра ретінде беріліп, жақсылықты, адамгершілікті дәріптеуге бағытталған. Әр жанрдың өзіне тән артықшылығы бар. Дегенмен, бәріне ортақ дүние - азаматтық мүддені алғашқы орынға қойып, ненің дұрыс, ненің бұрыс екендігін айқын көрсетіп, әдептілік, төзімділік пен көркемдіктің тамаша үлгісін танытуды мақсат еткен. Қазақ халық ауыз әдебиетінің көркем үлгілері бастауыш сынып оқушыларына өз еліне деген сүйіспеншілік сезімдерін арттырып, рухани жағынан толысуға септігін тигізеді.

Адамгершілік сезімді қалыптастыру кезеңі бірнеше сатыдан тұрады. Кезіңнің алғашқы баспалдағы ең алдымен бастауыш сыныпта беріледі де, бала есейе келе мектеп тәмәмдағанша жалғасын таба бермек. Тіпті, адам тәрбие мен білімді өмір бойы алады десек те болады. Адам бойындағы игі қасиеттердің ең біріншісі - адамгершілік десек, артық айтпағанымыз болар. Әсіресе, отбасындағы ата - ананың беретін тәрбиесінің орны айрықша. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, ересектердің сөйлеген сөзі, қадір-қасиеттері, отбасында орнайтын тәртіптің бәрі де баланың бойына сәби кезден сіңіріліп, оның өсіп жетілуіне өз әсерін тигізеді. Сол себепті, мұғалім әрбір оқушымен жұмыс жасау кезінде ата-аналармен, отбасымен дұрыс байланыс орнатып, бала тәрбиесінде бірлесіп жұмыстанып, олармен үнемі тығыз қарым - қатынаста болып,

қандай отбасы екенін, отбасындағы болып жатқан жағдайлардан хабардар болуы керек.

Адамгершілік тәрбие жайында қазақтың зиялылары қалам алып, өздерінің шығармаларына арқау еткен. Әлемге танымал Абай Құнанбаев «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі арқылы «бес нәрседен қашық бол деп» ұрандап, білімнің қайнар бұлағы, тәрбиемен беріледі, адамгершілік болмаса, ғалым болам деп айтпай-ақ қой деп ескертеді. Әйгілі Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» атты жинағында адамгершілік пен инабаттылықтың төрт қасиетіне тоқталып, оған 6600 тармақ пен 72 тарауын арнаған. Шығыстың ұлы ғалымы, әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр Әл-Фараби болса, «Жас жеткіншектеріңізді көрсетіңіз, мен сіздердің болашақтарыңызды айтып берейін», деп балалардың мінез-құлқына, іс-әрекетіне қарай баға бере білген. Жоғарыда аталған тұлғалармен қатар, қазақ даласының алғаш ұстазы Ыбырай Алтынсарин, әліпбидің атасы атанған Ахмет Байтұрсынов, «Оян, қазақ» деп қазақ жастарын оқу білім алуға шақырған Міржақып Дулатов, педагог әрі ғалым Мағжан Жұмабаевтың «Жас бала – жас бір шыбық. Жас күнінде қалай исең, өскенде сол иілген күйінде қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзейміз десең, сындырып аласың», - деген пікірі бала тәрбиесімен айналысатын ата - аналар мен педагогтарға үлкен жауапкершілікті жүктейді. Рухани - адамгершіліктің мәні – адам еңбегіне құрметпен қарау, шығармашылық күші мен мүмкіншілігін дамытудағы ролінен көрінеді. Ал еңбек отбасындағы қарапайым күнделікті тіршіліктің тәлім-тәрбиесінен бастау алатыны сөзсіз. Рухани-адамгершілік мәдениеті жалпы адамгершілік тұрғысынан алғанда, ол адамның жемісті іс-әрекеті болып табылады. Рухани-адамгершілік қасиеттер адамдардың еңбек мәдениетінде, қоғамдық мәдениеттің көркем және эстетикалық, ғылыми және білім беру компоненттерін өзара байланысын, қоғамдық қатынастағы мәдениетін, рухани-адамгершілік көзқарасын қалыптастырады және тағы басқа көптеген ұлт жанашырлары рухани-адамгершіліктің қаншалықты маңызға ие екендігін алға тартып, дәріштеп өткен болатын. Әрине, қазақ халқының маңдайына біткен текті тұлғалардың шығармаларымен бастауышта балалар да танысып, талдайтын болады. Сонымен қатар, әлемдік ой-сананың асқар биігіне көтерілген Виссарион Григорьевич Белинскийдің «Тәрбие ұлы іс, тәрбие арқылы адам тағдыры шешіледі» деген, Дмитрий Иванович Менделеевтің «Тәрбиесіз білім – есуастың қолындағы қылыштай» дегені, Ян Амос Коменскийдің «Тәрбиені мойындамау – адамдардың, жан - ұяның, мемлекеттің және бүкіл әлемнің құруы» деп айтуы әлі күнге дейін маңызын жоғалтпаған. Рухани-адамгершілік туралы айтқанда біз тәрбие салаларын толық қамтимыз. Себебі олар бір - бірімен тығыз байланысты. Тұлғаның өмірге, еңбекке көзқарасын, дүниетанымын қалыптастыруда оқытуды тәрбиелеуді өмірмен байланыстыруда рухани - адамгершілік яғни адалдық, кішіпейілдік, ниеттілік, жомарттылық, жауапкершілік тағы басқа қасиеттерді дамытады. Аталған сапалық қасиеттерді қалыптастыру жоғары және арнаулы орта оқу орындарында, жалпы орта білім беретін мектептерде, оның ішінде бастауыш сыныпта оқушыларды рухани адамгершілікке тәрбиелеу негіздері сынып сағаттарында, сыныптан тыс іс шараларда көрініс табады. Тәрбиелі мінез адам бойында ибалық қасиеттердің бар екендігін көрсетеді. орыс халқының атақты, ұлы педагогы, ғалымы Василий Александрович Сухомлинскийдің «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала дәл сондай бола алады» деген нақыл сөзі бар. Отбасында және қоғамда ата-аналар, мектепте ұстаздары ең бірінші оқушыларға тәрбие беру барысында дұрыс тілдесуге мән бергені абзал. Үйде де, түзде де баланы жазалау, оларға дөрекілік таныту, күш көрсету, қысым жасау арқылы тәрбиелеу қате әдіс. Еліміздің алғашқы елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Егер біз адамгершілігі жоғары қоғам болғымыз келсе, жұбайлардың бір-бірінің алдындағы, ең бастысы балаларының алдындығы жауапкершілігін күшейтуге тиіспіз» айтқандай, балалары үшін ең алдымен ата-аналар дұрыс үлгіге айналуы қажет. Сол кезде ғана балалар отбасындағы әр маңызды сәттерді жадында сақтап, ой түйіп, бақытты ата - анасына ұқсауға ниеттенеді. Әдетте, бастауыш сыныптың оқушылары ерке, әлжуаз, қорғансыз болып келеді. Ұстазының жақсы болсын, оқысын деген талаптарын қатаңдық, ұрыс деп қабылдаулары мүмкін. Сол себепті де оқушыларға талап пен қатаңдықтың ара-жігін ажырату білуді үйрете білу қажет. Мектепте рухани-адамгершілікке баулу барысында оқушыларға байсалдық танытып, әртүрлі қызықты мысалдар оқу арқылы, бір - бірімен

диалог құру, ертегілерді, шағын әңгімелерді рөлдерге бөліп оқытып, рөлдерді сахналау тәрізді әдіс - тәсілдер өз нәтижесін көрсетеді. Балалар бір - бірімен достық қарым-қатынас орнатады. Бір - бірін сыйлай білетін, тыңдай білетін болады, ортада өз ойын ашық айтуға дағдыланады. Сабақ барысында оқушы ережесін, топ ережесін сақтай алатын тұлға болып қалыптаса бастайды. Бала дүниеге келген күннен бастап, өмір бойы отбасынан, қоршаған ортадан, өмірден тәрбие алады. Келешекте бала бойынан тәрбиесі байқалып тұрады.

Мектеп қабырғасына әлі оң мен солын тани қоймаған, буыны қатаймаған бірінші сынып оқушыларының қолына қалам ұстатып, әріп пен дыбыс айырмашылығын меңгертіп, сандар әлеміне саяхаттап, білім мен тәлім-тәрбиені ұштастыра білім беру үлкен жауапкершілікті талап етеді. Мен бастауыш сынып оқушыларына сабақ беруді таңдағанымды өзіме мақтаныш санаймын. Әр оқушыға дұрыс білім беру, білімді болуға жетелеу, қажет кезде дос бола білу, олармен балаша күлу, жұбату, дұрыс бағытқа жол сілтеу - менің парызым. Бастауыш сыныптағы негізгі пәндерді игертіп қана қоймай, рухани-адамгершілік тәрбиені де басты назарға алып, ізетті, ибалы, көркем мінезді, адал бүлдіршіндерді тәрбиелеп жеткізу - менің алға қойған мақсаттарымның бірі! Талапты шәкірттерімізді тәрбие мен білімнің таусылмас бұлағымен сусындата отырып, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу қоғамның ескірмейтін, өлшеусіз талабы. Өйткені, қазақ елінің болашағы бүгінгі жас бүлдіршіндердің қолында. Бүгінгі жас бүлдіршін – ертеңгі ел қамын ойлайтын үлкен тұлға. Жалпы, ұстаздар өз - өздеріне сенімі мол, айналасына мейірім – шапағатпен қарайтын, әділ, шыншыл, ұлт қамын ойлай білетін, елінің келешегі үшін игі істерді атқаратын білімді, тәрбиелі тұлғалар тәрбиелеу арқылы, ел дамуының алғышартын қалыптастырады. Тәуелсіз еліміздің тұғырын биікке көтеретін, көк байрағымызды желбірететін, адамгершілігі толысқан, бойында рухани байлығы мол, ұлтжаңды толысқан ұландарымыз көп болсын!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Педагогика. М.Жұмабаев
2. «Бастауыш сыныпта оқыту» журналы. 2011ж
3. «Молодой ученый Қазақстан» журналы, Бастауыш сынып оқушыларын адамгершілік тәрбиелеуде әдебиеттік оқу пәнінің маңызы. Авторлары: Кожаягельдиева С.С., Бейсенбай Ж. 2020ж
4. Бастауыш сынып оқушыларына рухани-адамгершілік тәрбие беру. Авторы: Кенжебаева Б.
5. Бастауыш сынып оқушыларына рухани- ізгілік тәрбие беруде отбасының алатын орны. Авторы: Кудайбергенова Д.